Қазіргі технологиялар, ғылымның дамып жатқан заманда ұлттық құндылықтары да жаңғыруда. Қолөнер, ұлттық құндылықтардың бірден-бірі, жаңа көріністе. Ұлттық қолөнер бұйымдарын ел назарына көрсететін шаралар өтіліп жатады. Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалі 1998 жылы Төлеген Мұхамеджановтың идеясымен дүниеге келген еді. Содан бері бұл фестиваль, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке қолдауымен өтіп келеді. 1998 жылы «Шабыт» фестивалі республикалық мәртебе алды [3]. Ал 2000 жылдан бастап халықаралық тұғырға көтеріліп, алыс және жақын шет елдіктерге құшағын айқара ашты. «Шебер» атты қолөнер шеберлері байқауы елімізде 2009 жылдан бері өткізіліп келеді. Конкурс қазақстандық қолөнершілер бұйымдарының ішкі және халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолымен Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау мақсатында 2006 жылы дайындалған «Қазақстандағы қолөнерді дамыту және халықтың көркемөнер кәсібін жаңғырту» бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылады. Осы жылдар бойы бұл бағдарламаға «Шеврон» компаниясы қаржылай көмек көрсетуде. Осы уақыт аралығында Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі қолөнершілер қатысып, өз өнерінің бағасын алуда [4].

Мәдени шаралар арқылы ұлттық өнердің тынысын аша түсуге болатыны айқын. Заманауи технологиялар ұлттық өнерді жаңаша қырларынан көрсетуге, жасалу тәсілдері мен әдістерінің сан алуанын орындауға мүмкіндік береді. Әр шебер өзінің шығармашылық кеңістігін ұлғайтуына мүмкіндік алды. Қазіргі жастар арасында ұлттық өнерден сусындап, оны ары қарай дамытып, жалғастырып, осы заманның ұлттық құндылықтарына айналуына үлес қосып жүргендері бар. Ұлттық қолөнер ежелден келе жатқан қарапайым, жай ғана қажеттіліктен туындаған бұйым болмаса жиһаз заттары болса, қазіргі заманда белгілі дәрежелі стиль ретінде де қалыптасты. Өнер иелері, шеберлер, дизайнерлердің қолынан шыққан туынды болып саналады. Адам әсемдік пен әдемілікке әр уақытта зәру. Соңғы жылдары ұлттық қолөнер туындыларын көруге асығатын халық



та, коллекционерлер де, кәсіби мамандар да өте көп. Сондықтан көптеген салондар, галлереялар ашылып жатыр. Ол ұлттық қолөнерге қызығушылық пен сұраныстың көп екеніне бірден-бір дәлел. Нарық заманында сұраныс бар жерде ұсыныс та, бәсеке де болады, бәсеке бар жерде сапа да жоғарылайды деген сөз. Сапа мен қатар даму да ғажап емес. Қолөнер туындыларын қарастырып, зерттеу барысында, кейбір элементтердің киім үлгілерінде байқамау мүмкін емес. Қолөнер мағынасының түп неігізі – қолдан жасалған адам ой-сана, қиялдан туған дүние. Ғасырлар бойы адам рухани, материалдық тепе-теңдікке ұмтылған. Гармония – қазақтың қолөнерінде өте қатты сезіледі. Киім үлгілеріндегі оюлардың орналасуының тәртібі, қолөнер туындыларында орындалу әдісі мен материалына байланысты ұқсастықтар кездеседі.

Ұлттық киімі халықтың бет бейнесіне жарасымды болып келеді. Қазақтың ұлттық киімдері мен қырғыз, татар, өзбек, ұйғыр халықтарының ұлттық киімдері ұқсас келеді. Бұл халықтардың мәдениеті біріне-бірі жақын. Территориялық, климаттық, кәсіптік, діні мен тілінің тарихи жолдары аралас-құралас болып келеді. Алғашында адам – мемлекет, ел, халық, ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінде тайпалар тұрғылықты климат ерекшеліктеріне тәуелді, сондықтан, қажеттілікпен қатар, культтік наным-сенім көріністері пайда болды. Әр тайпаның өзіндік бейнесі қалыптасты. Кейінірек, адамның ой-өрісі кеңейіп, ой философиялық ізденіс, ғылым дами келе адам кәсіппен айналысып, технологиялар өріс алды. Алғашқыда киім тек адам денесін сыртқы факторлардан қорғаныш функциясын атқарса, ол кезде таптық ерекшеліктерге ие болды. Адамзаттың даму кезеңдерінде, киімнің жіктелуі, кәсібі мен қоғамдағы сатысы, таптық үстемдігіне қарай пішіні мен сапасына қарай өзгеруі дами түседі. Бірақ адамның ойлау қабілеті артқан сайын, эстетикалық тәрбиені бірге ала жүреді.

Қазақтың киім жиынтығының бейнесі, халықтың өмір сүрген территориялық аумағының климаттық ерекшелігіне, тұрмыс тіршілігі мал шаруашылығына байланысты, киім киісі салт-дәстүрінің шартты белгілерінен тұратын, қолөнері әралуан өнер туындысы.

Халықтың белгілі бір топтары үйде, сыртта, күнделікті тұрмыста бірдей әдемі киінген. Ол сал-сері, ән-күй өнерпаздары, бойжеткендер мен бозбалдар. Келіншектер де Тұңғышын босанғанша әдемі киінетін, кейін әшекейі азайып, көйлек бүрмелері мен желбезектері азая түседі [5, 157 б.].

Қазақ киіміне көбіне қырғыз халқының ұлттық киімі ұқсас келеді. Қырғыз, өзбек ұлттарымен біздің тарих тығыз байланысты, сондықтан ұлттық киімде де ұқсастық бар.

Қазақтың ұлттық киіміне жататын белдемшелердің, қырғыз ұлтының әйелдер киімінің құрамдас бөлігі болып келетін киім үлгісіне ұқсас. Кестесіне келсек оюлары өзгешелеу – ірілеу келеді [6, 206 б.].

Заманауи сәннің неігізінде ұлттық құндылықтар, табиғи материалдар жатыр. Әлемдік бұл құбылыс, спираль тәрізді даму, қайта жаңғыру заңдылығының неігізіндегі құбылыс деп түсіндіруге болады.

Заманауи киім үлгісінің бейнесін ескілік призмасынан қарайтын болсақ, заманауи киім үлгісіндегі орасан зор өзгерістерді байқаймыз.

Жаңашыл ұлттық киім заман талаптарына сай, жаһандық мода – сәнге ілесе алатындай болуы тиіс, әрине, көшбасшы еуропалық сән үлгілер екенін мойындаймыз, алайда соңғы кездері Еуропаның өзі тығырыққа тіреліп, этно-стиль мен этнодизайнға бет бұрып, көнені зерттеуде. Оның үстіне, алып мемлекеттер қатарына бой түзеп келе жатқан мемлекеттер өз салт-дәстүрі мен ұлттық киімдерін жаңғыртуда.

Дизайн – деген ұғым пайда болғаннан бері, сәндік-қолданбалы өнердің қай саласы болмасын әлемде түрлі бағыттар мен тенденциялар пайда болды. Жаһандық мода индустриясында, осы бағыттардың ағымын, тенденцияларды басқарып, таратып отыру алып сән үйлердің құзырында. Еуропада моданың пайда болған жері Франция, Италия мен Англия мода орталықтары. Осы кезде бұлар да азиялықтардың, евразиялықтардың киіну мәдениетіне қызығушылықтарын танытып жатыр. Қазақстан, қазақ ұлтымен танысып жатқан жайы бар.

Қазіргі кезде киім дизайнында қазақтың қолөнері жаңа көрініс тауып, даму үстінде. Ата-бабаларымыздан келе жатқан аманатты арқалап, нақ түп нұсқасымен сырын сақтап келе жатқан шеберлеріміз қаншама. Тәуелсіз еліміз дамып, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылып жатқанда, қолөнеріміз әлемді таң қалдырып жатқаны айқын. Кезінде ұмыт бола жаздаған қолөнер туындыларына, осы кезде жан-жақты қызығушылық үлкен. ХХІ ғасырдың басы қазақ өнерінде көптеген революцияларға толы. Заманауи қазақтың өмір сүру салты да, өнерге деген көзқарасы мүлдем бөлек. Сондықтан бұл өзгеріс өнердің қай саласы болмасын, қолөнер, дизайн өз көрінісін берері ғажап емес.

Қазақ халқының қолөнер бұйымдарының қайталанбас түрлері де халықтың қолынан шыққан қайталанбас дизайнерлік туындылар. Қазір кезкелген өнер туындысын жеке адамның дизайнерлік шығармасы дейміз.

Қолөнер мен дизайн тығыз байланыста болуы жаңалық емес, өйткені еліміз егемендік алғалы өзіміздің тарихымызға, мәдениет пен өнерімізге жаңадан, зерделеп қайта қарап, зерттеуге, жетілдіруге мүмкіндік алдық. Дизайн саласы кейіннен пайда болып, дамыған өнер саласы, ал қолөнер халықпен бірге қайнасып, тұрмыс-тіршіліктің көрінісі. Халықтың бет-әлпеті, рухани сұлбасы. Қолөнер көрінісі дизайн саласымен тізбектеле заманауи өнердің жаңа келбеті болып қалыптасуда. Ол, экономикалық, ғылыми, рухани, мәдени кеңістіктегі талаптарға сәйкес түзілген, сұраныс қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті өнер. Дамыған елдердің қатарына ене келе, киім дизайнында көзқарастар мен бағыттар көбеюде. Ұлттық қолөнерді өзге елге таныта келіп, ұқсас қырларының кездесетінін жоққа шығару бос әурегершілік. Әр халықтың, өз бейнесі, тарихы, өнері, мәдениеті бар.

Өркениетті, заманға талаптары сай, дамып келе жатқан елде өзгеріс, жылжу қалыпты жағдай. Киім дизайнында, құнды жәдігерлер жаңарып, жаңа көзқарастарға ие. Мысалы, түскиіз өрнектерін киім үлгілерін әрлеуде, ұмытыла жаздаған құрақ құрау, сырмақ сыру өнер түрлерін киімде әдістің бір түрі ретінде пайдалану, қолөнер түрі – киіз басудың әдісін, жаңа инновациялық

технологиямен, тігіссіз киім үлгілерін шығаруда, қазақтың ұлттық киімінің өзін заманауи талаптарға сай етіп жасау жаңа көзқарас, жаңа жас ұрпақтың туындылары.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет болғалы өзінің мода индустриясы қалыптаса бастады. Алғаш мемлекеттік дәрежеде «Жоғарғы мода» апталығы, кейіннен, 2004 жылдан бастап, «Kazakhstan Fashion Week» атымен қазірге дейін жылына екі мезгіл, көктем мен күз, өткізіліп тұрады.

Қазіргі кезде, KFW-ға дизайнерлер ған емес, модельдер, фотографтар мен стилистер ішінде жана есімдер қатары толығыра [7].

Қазақстандық мода индустриясының өкілдерінің ішіндегі киізбен жұмыс жасайтын дизайнерлердің өз қолтаңбасы бар. Әр дизайнердің өз тұтынушысы мен орындау әдістері бар. Заманауи технологияларды пайдалана киім сапасын да арттыруда.

Қазақстандық мода индустриясы әлі де тиісті дәрежеде емес, алайда осы уақытқа дейін бірталай таланттарға жол ашып берді. Қазақстан мода индустриясы баяу болса да, алға қарай қадам басып келуде.

Қазақстан сән апталығы арқылы танымал болған бірқатар дизайнерлер есімдері: Ая Бапани, Айнұр Тұрысбек, Тамара Ламанукаева, Камила Курбани және т.б.

*Әдебиеттер:*

1. <http://el.kz/m/articles/view/content-26567> (дата обращения 15.04.2022).
2. Гумилев Л. *Қиял патшалығын іздеу*. – Алматы: Балауса, – 1992.
3. <http://www.inform.kz/rus/article/2319268> (дата обращения 15.04.2022).
4. <http://kazgazeta.kz/?p=4589> (дата обращения 15.04.2022).
5. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері*. – Алматы: Қазақстан, 1969.
6. *Костюм народов Средней Азии. Историко-этнографические очерки*. – М.: Наука, 1979.
7. <http://www.voxpopuli.kz/main/osobennosti-nedeli-kazahstanskooy-mody> (дата обращения 15.04.2022).

**Б. Е. Нургожина**

Старший научный сотрудник, магистр  
Национальный музей Республики Казахстан  
Нур-Султан, Казахстан  
*bahita\_be84@mail.ru*

## КАЗАХСКИЙ ТРАДИЦИОННЫЙ КОСТЮМ КАК ОТРАЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

**Түйіндеме:** Мақала ХІХ ғасырдағы қазақтардың дәстүрлі костюмінің өзгеруін зерттеу мәселелеріне арналған. Зерттеу әлеуметтік стратификацияның көрсеткіші ретінде халық костюмінің ерекше рөлін атап өтті. Қазақ ұлттық киімінің коммуникация құралы ретіндегі маңызы, сондай-ақ қазақтардың этникалық өзін-өзі сәйкестендіру нысаны және басқа этностармен мәдени байланыстар туралы ақпарат көзі қарастырылды.

**Кілт сөздер:** Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің трансформациясы, қазақтардың дәстүрлі костюмі, қазақтардың сәндік-қолданбалы өнерінің семантикалық ерекшеліктері.

**Аннотация:** Статья посвящена проблемам изучения трансформации традиционного костюма казахов в ХІХ веке. В исследовании отмечена особая роль народного костюма, как показателя социальной стратификации.

Рассмотрено значение казахского национального костюма, как средства коммуникации, а также формы этнической самоидентификации казахов и источника информации о культурных контактах с другими этносами.

**Ключевые слова:** Трансформация декоративно-прикладного искусства Казахстана, традиционный костюм казахов, семантические особенности декоративно-прикладного искусства казахов.

**Abstract:** The article describes the issues of studying the transformation of traditional Kazakh costume in ХІХth c. and a special role of folk costume as the indicator of a social stratification.

The meaning of the Kazakh national costume as the means of communication, as well as the form of ethnic self-identity of the Kazakh people and source of information about the cultural relations with other ethnic groups are considered.

**Keywords:** Transformation of decorative and applied art of Kazakhstan, traditional costume of the Kazakhs, semantic features of decorative and applied art of the Kazakhs.

В настоящее время наблюдается возросший интерес к проблеме общечеловеческих и национальных ценностей. Воспроизводство и дальнейшее развитие национальной культуры диктует необходимость обращения к ее истокам, базисным основаниям как ориентирам становления национальной самосознания, формирования устойчивого культурного пространства самоидентификации, субъекта нации. В этом плане декоративно-прикладное искусство казахов, органично отражающее творческую суть и эстетические предпочтения казахского народа, дает очень многое для духовного развития.

Декоративно-прикладное искусство существовало уже на ранней стадии развития человеческого общества и на протяжении многих веков являлось важнейшей, а для ряда племён и народностей основной областью художественного творчества. Древнейшим произведениям декоративно-прикладного искусства

свойственны исключительная содержательность образов, внимание к эстетике материала, к рациональному построению формы, подчёркнутой декором. В традиционном народном творчестве эта тенденция удержалась вплоть до наших дней [1, с. 25].

При значительной общности черт с костюмом других этносов региона Центральной Азии казахский национальный костюм в декоративно-прикладном искусстве занимает особую нишу. Он формировался на базе традиционного костюма кочевых племен – саков, уйсуней, канглы, тюрков. При этом, влияние на развитие казахского костюма прослеживается преимущественно в деталях, материалах, видах отделки. Основной крой, силуэтная форма, размещение и распределение декора имеют тюркское происхождение. Также стоит отметить некоторое сходство казахского саукеле с головными уборами саков. На территории Средней Азии и Казахстана обитали племена «тиграхауда» («носящие остроконечные шапки»). Предположения подтвердились, когда в 1970-е гг. археологи обнаружили неограбленное захоронение сакского вождя (V–IV вв. до н.э.), одежда которого была сплошь покрыта золотыми пластинами. На его голову был надет высокий (60–65 см) головной убор с золотыми украшениями, даже поверхностное сравнение которого с саукеле свидетельствует об их сходстве. В скифо-сакский период высокие головные уборы могли носить как мужчины, так и женщины. Почти два с половиной тысячелетия разделяют сакский головной убор и саукеле. Тем не менее, в течение всего этого времени в Средней Азии и Казахстане продолжали бытовать высокие головные уборы. Очевидно, они и послужили прототипами казахского саукеле – важного элемента свадебного обряда, но теперь уже сугубо женского головного убора [2, с. 75].

Казахский национальный костюм является выразителем исторического опыта нации и ее мировоззрения. В его основе лежат знаковые для тюркской культуры мифопоэтические образы, в первую очередь – мифологема Мирового древа, обусловившая трехчастное деление костюма по принципу «верхний - средний - нижний мир».

Казахский национальный костюм постепенно эволюционировал в сторону усложнения кроя, форм, технологии. Особенности его структуры обусловлены разнообразием его функций: эстетических, утилитарных, магико-обрядовых, ритуальных, охранных, защитных [3, с. 15].

К общим особенностям, характерным для казахского национального костюма XV – начала XIX века, можно отнести:

- статичный, прямой, расширенный к низу силуэт изделия, массивность, как правило, нарастающая к низу;
- трехчастное деление костюма по принципу «верхний – средний – нижний мир»;
- архаичные формы кроя, обусловленные шириной материала, который использовался при пошиве одежды;
- общая композиционная симметрия, в том числе в деталях, отделке, дополнениях;
- преобладание принципа метрического ряда при формировании узора вышивки;

- использование домотканой, а позднее фабричной ткани, отделка вышивкой, позументом, мехом;
- большое значение головного убора в решении композиции костюма.

Начало XIX века – знаковый период в эволюции казахского костюма. Первопричиной коренных изменений в крое и способе производства одежды является общий научно-технический прогресс, вовлечение Казахстана в экономическую систему Российской Империи с все расширяющейся системой промышленного производства. Для периода 1860–1917 годов характерно постепенное нарастание значения следующих признаков:

- усложнение формы кроя как верхней, так и нижней одежды;
- использование материалов и отделок фабричного производства;
- увеличение количества горизонтальных членений в покрое платья–койлек;
- постепенное упрощение формы тюрбанообразных женских головных уборов;
- заимствование некоторых видов городской одежды, изначально не свойственных традиционному казахскому костюму [4, с. 65].

Комплекс мужской и женской одежды казахов в XVIII–XIX в. был довольно устойчив и однороден по всей территории Казахстана. Изменения в костюме XVIII–XIX в. происходили в деталях покроя, выборе материала, менее – в составе предметов одежды. Социальные различия в одежде заключались в основном, в качестве материала и отделки, количестве одежды, носимой одновременно, и особенно ее запасов, но не отражались на покрое.

Поверить в реальность того, что и в XV, и XVI, и в XVII, и XVIII, и в XIX веках чингизиды носили костюмы одних покроев, цветов и орнаментов – такая же иллюзия, как если бы какая-нибудь княгиня времен Киевской Руси и Екатерина II, жившая в конце XVIII века, были бы одеты одинаково, – утверждает кандидат исторических наук Ирина Ерофеева [5, с. 49].

Знакомясь с документальными источниками XVIII–XIX веков, историки встречают очень интересные сведения о казахской одежде. Удивляет разнообразие чапанов – их фасонов, цветов, элементов декора и орнамента.

О том, что казахский орнамент был более богатым и разнообразным, свидетельствуют и головные уборы казахских султанов первой половины XIX века, которые хранятся в Российском этнографическом музее, а также отдельные рисунки, сделанные в XVIII–XIX веках.

Большую роль в символике одежды играл и цвет. Из документальных источников известно, что чапаны, которые были парадной одеждой представителей правящей элиты, шились из бархата или кармазинового сукна в основном различных оттенков красного цвета – пурпурного, алого, терракотового, малинового. Важно отметить и то, что красный цвет одеяний «Золотых людей», найденных на территории Казахстана символизировал, как и у казахского народа XVIII–XIX вв., высокий социальный статус, также прослеживается схожесть в орнаментике, выделке одежды и ювелирных украшений [6, с. 156].

Кроме традиционных конусообразных шапок казахская знать (особенно та ее часть, которая имела более тесные связи с традиционной мусульманской элитой Центральной Азии) носила белую или красную чалму. Вместе с тем казахские султаны и правители часто носили яркие, пестрые средневековые халаты из шелка и других материй [7, с. 98].

Таким образом, в декоративно-прикладном искусстве казахов и в национальной одежде в частности мы видим тенденцию социальной стратификации в казахском обществе.

В заключении подтверждаем мысль о том, что на всей территории казахской степи шла постоянная трансформация во всех сферах жизнедеятельности казахского общества в том числе и в декоративно-прикладном искусстве. Также на примере народного костюма мы можем проследить следующее: во-первых, костюм имел социальную стратификацию и нес определенную информацию о его хозяине, о его положении в данном обществе, во-вторых, вследствие взаимовлияний с другими странами шла постоянная трансформация, изменение форм жизнедеятельности в обществе и соответственно изменение пластических форм таких как одежда, в-третьих, вследствие постепенного проникновения новых товаров на территорию казахской степи, а именно редких и дорогих, которые могли себе позволить только состоятельные люди, имевшие доступ к редким в степях изделиям из зарубежа. Люди, которые имели редкие и дорогие изделия, подчеркивали свой социальный статус в обществе, тем самым старались подчеркнуть свою причастность к определенному «кругу» в данном обществе [8, с. 137].

Декоративно-прикладное искусство наглядно показывает нам о трансформации искусства во времени путем отдельных ее видов.

*Литература:*

1. Алимжанова А. Ш. Динамика эстетических ценностей художественной культуры казахского народа. – Алматы: Раритет, 2004. – С. 17 – 135.
2. Шаханова Н. Ж. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы: Казахстан, 1998. – С. 25–115.
3. Лобачева Н. П. О некоторых чертах региональной общности в традиционном костюме народов Средней Азии и Казахстана // Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука. 1989. – С. 5–38.
4. Татаева А. Сакральные орнаменты // Мысль. – 2004. – № 2. – 136 с.
5. Лобачева Н. П. Особенности костюма народов Среднеазиатско-Казахстанского региона // Среднеазиатский этнографический сборник. – Выпуск IV. – М.: Наука, – 2001. – 245 с.
6. Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда. – Алма-Ата: Наука, – 1964. – 178 с.
7. Сухарева О. А. Опыт анализа покроев традиционной туникообразной среднеазиатской одежды в плане их истории и эволюции. // Костюм народов Средней Азии. Историко-этнографические очерки. – М.: Наука, 1979. – 239 с.

**А. М. Байтаулова**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
1 курс магистранты  
Алматы, Қазақстан  
Aida-99@bk.ru

## КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ ЫРҒАҒЫНДАҒЫ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Түйіндеме:** Ғылыми мақалада қазақ ұлттық сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы қарастырылады. Қазақ колөнерінің даму кезеңдері тарих ширегінде қалыптасуы мен өңірлік ерекшеліктері негізінде айқындалады. Мақалада сәндік-қолданбалы өнерді зерттеуші өнертанушылардың тұжырымдамаларын негізге ала отырып, тарихи қалыптасуы мен қазіргі таңдағы көрінісі ғылыми тұрғыда зеттеуді мақсат етеміз. Қолөнердің көпсалалы өнер екені қарастырылып, көркем ағаш өңдеу, тері өңдеу, киіз, тоқыма, зергерлік өнер шеберлерінің шығармалары сипатталып, көркемдік ерекшелігі талдауға алынды. Сонымен қатар, тарихты мұра еткен бейнелеу өнерінің бір саласы ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріміздің маңызы айшықталды. Қазақ сәндік-қолданбалы өнері дәстүрлі өнеріміздің, салт-дәстүріміздің бір бөлігі ретінде қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында үлкен орынға ие екені зерттеу барысында дәлелдене түсті. Қолөнер атадан-балаға мирас болып жалғасын тауып отырған ұлттық құндылығымыз.

**Кілт сөздер:** сәндік-қолданбалы өнер, бейнелеу өнері, шебер, дәстүр, тарих, мәдениет.

**Аннотация:** В научной статье рассматривается история национального декоративно-прикладного искусства. Этапы развития казахского ремесла определяются на основе региональных особенностей и становления. В статье, основываясь на концепциях искусствоведов-исследователей декоративно-прикладного искусства, мы стремимся к научному осмыслению исторического становления и современного облика. Было рассмотрены ремесла описаны мастеров художественной деревообработки, обработки кожи, войлока, текстиля, ювелирного искусства, проанализирована художественная специфика. Вместе с тем, одним из направлений изобразительного искусства, унаследовавшим историю ремесел, стало использование национального декоративно-прикладного искусства. В ходе изучения было доказано, что казахское декоративно-прикладное искусство занимает большое место в становлении и развитии национальной культуры.

**Ключевые слова:** декоративно-прикладное искусство, Изобразительное искусство, мастер, традиция, история, культура.

**Abstract:** The scientific article considers the history of the Kazakh national decorative and applied art. The idea of the uniqueness of the Kazakh craft is determined on the basis of the historical formation and regional features of decorative and applied art. The publication, based on the concepts of art historians-researchers of decorative and applied art, scientifically examines the historical formation and modernity. It was considered that the craft is a multidisciplinary art, described the works of masters woodworking, leather processing, felt, textiles, jewelry, analyzed the artistic features. At the same time, one of the areas of fine art that has inherited history has become the importance of national art. During the research, it was proved that Kazakh decorative and applied art occupies a large place in the formation and development of Kazakh culture as part of our traditional art, traditions and customs.

**Keywords:** decorative and applied art, fine art, master, tradition, history, culture.



Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің маңызы мен орны ерекше. Қазақ ұлттық сәндік-қолданбалы өнерінің тарихына үңілсек тамыры тереңде жатқанын бірден аңғарамыз. Сонау ежелгі дүние өнерінен бастау алатын қолөнер – алғашында қарапайым халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің бір бөлігі ретінде көрініс тапты. Тастан, ағаштан, сүйектен, саз балшықтан және басқа да табиғи өнімдерден жасалынған бұйымдардың жалғасын қола, темір, мыс металдары толықтырды.

Қолөнершілер байлық пен молшылықты құруға, сондай-ақ тұрмыстық жиһаздар мен мүліктерімізді безендіруге үлкен үлес қосты. Қолөнердің әсем туындылары эстетикалық талғамды қанағаттандырып қана қоймай, талғамды қалыптастырды. Ежелгі заманнан бері қазақ қолөнерін зерттеу мәселесі көптеген саяхатшылар мен коллекционерлердің ғана емес, этнограф-ғалымдардың, археологтар мен суретшілердің назарын аударды. Қазақ қолөнерінің өткені мен бүгінін, оған тән әдіснамасын зерттеу қазіргі таңда өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Халықтың қолөнері, оның тарихы мен кейбір ұйымдастырушылық мәселелерін жеткіліксіз білуіне қарамастан, жоғары мәдени дәрежеге тән күнделікті заттарды, жаппай тұтыну заттарын безендіруге бейім өнер ретінде дамиды. Оның өсу жолында ежелгі дәуірден келе жатқан қолөнер өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалды. Әлеуметтік дамудың қай кезеңінде қоғаммен бірге дамыса да, қолөнер әр дәуірде өшпес із қалдырды, ал әлеуметтік-көркемдік дәуірдің атмосферасын жасады.

«Еліміздегі бейнелеу өнерінің кәсіби түрлері дамуымен және қалыптасуымен салыстырғанда қазақ жеріндегі сәндік-қолданбалы өнерінің кәсібиленуі белгілі бір уақыттың шынайы оқиғаларына және өзгеше өзіндік ерекшеліктерге ие еді. XX ғасырдың ортасына дейін Қазақстандағы сәндік өнер тек дәстүрлі халықтық сипатта ғана болатын. Халық өнеріне деген үлкен қызығушылық еліміздегі кәсіби театрлар мен көркемөнер галереяларының қалыптасуымен қатар көрінді» [1, 96 б.], – деген тұжырымға сүйенетін болсақ, дәстүрлі халықтық сипаттағы өнердің сәндік-қолданбалы өнер негізінде қалыптасып бірегейленуі XX ғасырдың ортасына еншіленетінін аңғарамыз.

Қолөнер қалыптасу кезеңінен бастап көпсалалы өнер түрі болып есептеледі. Сәндік-қолданбалы өнерінің бірегейлігі ұлттық өнер болуымен сипатталады. Яғни, әр ұлттың қолөнері – бірегей. Ұлттық ерекшелікке, дініне, тіліне, діліне, тарихына, ұлт қалыптасуы мен халқының тұрмыс-тіршілігіне негізделеді. Бірегейлік – бұл философиялық тұжырымдама, құрылым, субстрат немесе олардың қатынасы біздің көз-қарасымыз бойынша объектінің бірегейлігі болып табылатын жүйелілік сипаттама. Философия зерттеушілерінің тұжырымдамалары бойынша бірегейлік – ол адам, жеке тұлға ретінде қарастырылады.

Экзистенциализмнің өкілі философ Н. А. Бердяевтың айтуынша, «... адам тұлғасы – әлемнен гөрі жұмбақ» [2, 262 б.]. Оның құпиясы ешкімге белгісіз болып келеді деп анықтама береді. Жұмбақ сырға толы адамның қолынан шыққан қолөнер бұйымының да сыры мен сипаты ерекше. Бір қарағанда көзге қарапайым бұйым болып көрінгенімен оның авторлық орындалу ерекшелігі, қолдану аясына үңілсек, бір бұйым бірнеше мақсатта қолданылып, оның бойында талай тарихи сырлар жатқанын аңғара аламыз.

Қазақ ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріндегі бірегейлік идеясын өңірлік ерекшеліктеріне қарай сипаттай аламыз. Халқымыз шебердің қолынан туындаған әдемі бұйым отбасылық өсіп-өркендеумен қатар, күш-қуат беріп, бәле-жаладан сақтайды деген түсінікте болған. Ата-бабамыздан мирас болып қалыптасқан ұлттық қолөнер әр өңірде өзінше қалыптасып дамыды. Оған сол өңірдің тұрмыс-тіршілігіне қолайлылығы, сыртқы орта және басқа да әртүрлі табиғат күштері өз әсерін тигізді. Ерте заманнан бізге археологтардың қазба жұмыстары, зерттеулері нәтижесінде келіп жеткен мол мұрасы хабар береді.

«Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері – мәдениеттің көрнекті жетістіктерінің бірі. Халық еңбегі негізінде пайда болған қазақтың ою-өрнек сарындары ғасырлар бойы дамып, жинақталып келді. Формалардың көптігі мен алуан түрлілігі бойынша олар бай қазына болып табылады және монументалды эпостармен қатар еңбек адамдарының ең жақсы қазынасын құрайды. Халықтық сәндік өнер альбомын жасау идеясы бұрыннан бері пайда болды, 1938 жылы мен осындай альбомды басып шығару жобасын жасадым, ол ҚазКСР Министрлер Кеңесі жанындағы бұрынғы өнер істері басқармасының қарауына ұсынылды. Менің жинағымда ою-өрнектің түрлері қазіргі уақытта 500 атпен анықталып, олардың жартысы сәулеттік ою-өрнек пен қабырға суреттеріне жататыны белгілі. Бұл жинақ еліміздің әртүрлі мұражайларында сақталған, оны сирек кездесетін және өте ерекше мұражай экспонаттарына тарту арқылы байытуға болатыны қарастырылды. Мұнда қазақ ою-өрнегін төңкеріске дейінгі жинаушылардың жиындары мен сирек жинақтар кіреді», – деген пікірді археолог, ғалым Ә. Марғұлан жазбаларынан оқыған болатынбыз. Қолданбалы өнер тарихы бойынша бұл еңбек жарық көріп, қолданыста үлкен сұраныстарға ие болды. Бұл біздің жоғарыда айтылып өткен тұжырымымызды тағы бір дәлелдей түседі. Ол өзінің «Қазақ ұлттық қолданбалы өнері» атты кітабында ұлттық өнеріміздің ежелгі дәуір бойынша қола дәуірі кезеңінен бастау алады деген пікір білдіреді.

«Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінде киізден, жүннен, зергерлік бұйымдардан жасалған бұйымдар жүйелі түрде ұсыныла берді. Сәндік өнер объектілеріне утилитарлық заттар ретінде дәстүрлі көзқарас жалғасуда, сондықтан олар бәрінен бұрын аталмаған. Кәсіби суретшілер көрмелерге аз қатысады» [3, 239 б.]. Мұнда айтылған тұжырым бойынша қолөнер бұйымы суретшілердің көрмелерінде ұсынылып, мұражай бағаналарында тұру мақсатында орындалмайтынын дәлелдей түседі. Ең алдымен қолөнер бұйымы ол тұрмыстық қажетті дүниелер болып келеді. Біз оны күнделікті өмірде қолданамыз. Осының негізінде ХХІ ғасыр қолөнер суретшілерінің ішінен сәндік-қолданбалы өнер бұйымын дизайнмен байланыстырып, көрмелерге ұсынатындай ерекше техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, түрлі өнер туындыларын жасады.

Оған мысал, қолөнер шеберлері ерлі-зайыпты Үмбетов Жәңгір мен Иханова Аманкүлдің теріден орындалған паннолары, Зейнелхан Мұхаммеджанның бізкесте техникасында орындалған туындылары, Сержан Баширов зергерлік шығармаларын айтсақ болады. «Аманкүл Иханова мен Үмбетов Жәңгір өз жұмыстарында ежелгі түркі халқының рәміздерін белсенді қолданады, көшпелі

өркениетті қайта қарастырады және ежелгі халықтардың дүниетанымын бейнелейді» [4, 118 б.]. Үмбетов Жәңгір мен Иханова Аманкүлдің шығармашылығындағы негізгі бейнелер – қазақ жерінің кеңдігін, табиғатын, даласын бейнелейтін қоңыр, жасыл, сары түстердің нәзік үйлесімі. Теріден жасалған сурет бір қарағанда көзімізде кескіндемелік шығарманы көргендей әсер береді. Теріге батырылып орындалған ежелгі дала өркениетінің символдық белгілері «Таңбалы тас» шатқалында көрініс тапқан күн басты құдай, жан-жануарлар мен адамдардың образдары арқылы көнелік сарынды көрсетеді.

«Мұражайлар мен мәдени орталықтар тарихи ақпарат, идеялық және эстетикалық тәрбие көзі ретіндегі маңызды рөлін атқарып келеді. Қазіргі философиялық және гуманистік идеялар мұражайлар мен кеңістіктерге жаңа міндеттер қояды: қоғамды ағарту, көкжиектерді кеңейту, этникалық және шетелдік мәдениеттерді таныстыру және насихаттау. Қазіргі заманғы мұражай артефактілердің қоймасы ғана емес, сонымен бірге маңызды білім беру және ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады» [5, 311 б.].

Қолөнер қолдану үшін ғана емес, оның заманауи дизайн өнеріне енуі қазіргі таңдағы шеберлердің ой қиялынан туындаған әртүрлі паннолардың көрініс табуымен байланысты. Осының негізінде заманауи сәндік-қолданбалы өнер туындылары қазірге таңда мұражайлардан ерекше орын алып, көрермен назарына түсіп жүр. Оған, қолөнер бұйымдарының форматы мен формасының жаңаруы, трансформациялануы негіз болды деп айтсақ қателеспейміз.

«Дәстүрлердің өнертабысы – ұғымы қазіргі мен өткеннің сабақтастық сезімін қалыптастыру үшін құрылған символдық және салттық тәжірибелер жиынтығы ретінде анықталады» [6, 56 б.], – деген тұжырымдамаға сүйенсек, бүгінгі таңда Қазақстан өнері үшін бұл концепция өзекті, дәстүрлі өнер қазіргі таңда көпжылдық шығармашылықтың жиынтығы ретінде көрініс тауып келеді.

Шеберлер сүйектерді кесіп, ағашты, тасты қашап, мүйіздерін иіп, металды балқытып өңдеді. Біздің шебер суретшілер осындай тәсілдерді өте жақсы меңгерген және пайдалануда әртүрлі түспен бояп, ою-өрнек түсірген. Халқымыздың ою-өрнектеріндегі басым түс – ақ және қара. Бұл ою-өрнектің ең танымал түрі зооморфтық өрнектер болып табылады. Тұрмыста ою-өрнекті қолдану ауқымы – өте кең. Оюдың жекелеген бұтақтарынан үш түр, төрт түр, бес түр, алты түр және басқа да біздің ұлттық дәстүрімізде тұрмыста үнемі өсіп, кеңейе беретін күрделі ою-өрнектер де қолданылады. Халықта жазу болмаған кезде ою-өрнек болған. Осы ою-өрнектің арқасында біздің халқымыз ұрпақтан-ұрпаққа өз өмірін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерін жеткізіп дамытты.

«Осы ғасырдағы өнеркәсіптің дамуы сипатталған шығармашылыққа баса назар аударады кез-келген жерде кез-келген адам қол жеткізе алатын ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы бұл ұйымның негізгі бәсекелестік артықшылығы болуы керек. Креативті индустрияның дамуы туризм индустриясының дамуымен тығыз байланысты. Шығармашылық индустрияның әртүрлі салалары танымал туристік индустрияға айналуда, көркемөнер, дизайн және сән өнері сияқты көрнекті түрлерін айтсақ болады. Оң прогресс туризм креативті индустриялардың дамуына тікелей ықпал ететін болады, дамыған креативті ин-

дустрия бұл аймақты көрнекті туристік бағытқа айналдырады» [7, 68 б.], – деп тұжырымдаған болатын. Бұл қазіргі таңда әлемдік өркениеттегі өзекті мәселелердің бірі. Қазақстанның да заманауи өнерінде ұлттық нақыштың қарқынды бейнеленуі мен дамуының түп негізі осы.

«Халық шеберлердің қолымен жасалған сұлулық отбасының берекесі мен гүлденуіне ғана емес, сонымен қатар жануарлардың энергиясын да жүзеге асыруға қабілетті деп сенген, бұл қазақтардың көркем орындалған заттарды бейнелі-эмоционалды қабылдауымен негізделген. Мұндай көзқарастар жасалған көркемдік идеяларды сұлулықты білдіре алатын қасиетті объектілер ретінде түсінуге әкелді, олар бүкіл әлемге, ғаламға және жеке тақырыпқа тән үйлесімділікті көрді» [8, 6 б.]. Болашақ ұрпақтың мақсаты – бұл киелі өнерді одан әрі дамыта отырып, оны сақтау. Отыз жылдан астам уақыт бойы осы саладағы ұлттық ою-өрнекті дамытумен айналысып келе жатқанымыздың басты мақсаты – мүмкіндігінше ұлттық нақыштағы ою-өрнекті зерттеу, дарынды жастарға нәзік және күрделі өнерді жасау тәсілдерін және оны тұрмыста пайдалану тәсілдерін ұсыну. Біздің мәдениетімізді ұлттық мемлекеттік деңгейде дамытуға жәрдемдесу, ұлтымыздың мәдени өнерін басқа елдерге насихаттау, тұрмыстық заттарды өндіріске енгізу, зергерлік қолөнерді дамытудың қарапайым жолдарын түсіндіру.

Қолданбалы өнер негізінен тұрмысты безендіру үшін қолданылса да, оларға эстетикалық мән беріп, бұл пайдалы заттарды өнер туындыларына айналдырады. Ол арқылы (халық шығармашылығының басқа да түрлерімен қатар) қалың бұқараның эстетикалық сезімдері, көркем талғамдары қалыптасады. Қолөнер – ғасырлар бойы дамыған халық шығармашылығы. Бұл – ғасырлар бойы жалғасып, жаңарып, атадан балаға қалған мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі өнер. Ол арқылы біз үлкен рухани эстетикамен өнер әлеміне енеміз. Өнер туындылары әр кезеңнің тұрмыс-тіршілігінің нәтижесінің көрсеткіші. Өнер арқылы халықтың асқақ армандары, табиғаттың әсемдігі, ішкі жан дүниесінің сезімі көрініс тапты. Өнер туындылары арқылы белгілі бір халықтың тарихын білуге болады. Сондықтан да, қолданбалы өнер халықтық сипатқа негізделген. Оны зерттеуші мамандар да жан-жақты қарастырып, қолөнер бұйынымың негізінде өмір тіршілігінде сипаттап жаза алған.

Қолөнер бұйымы әрдайым қолданыстан ажырамай, өмір бойы қалыптасып дамиды. Қазақ өнерінің өзіне тән даму тарихы бар. Тарихы көне дәуірден бастау алып, Қазақ халқы орасан зор республика жеріндегі ежелгі мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сонымен бірге осы дәстүрлерді дамытып, жандандырып, байыта түседі. Бұл процеске әр кезеңде Қазақстан аумағына барлық жағынан келген көшпелі тайпалар мен халықтардың, сондай-ақ Ресей, Орта Азия халықтарының мәдениеті әсер етті. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі өнері айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді.

«Суретшілердің ойын жеткізудегі тың жолы бір шығарма бойында жасалған заттың тыңғылықтылығы және өткен дәуір туралы ойлары мен бүгінгі күн тынысынан туындаған әсем бейнені біріктіруге мүмкіндік береді. Бүкіл өткен заман шексіздігі жер мен мәдениет кеңістігіне байланыстырып жасалған.

Олардың жұмыстары негізінен өру, бастыру, өңдеу негізінде орындалады. Жер қуаты үнемі даму үстінде, яғни, фактурамен, бүрмелеумен, рельефті өрнектермен түрлендіріп те көрсеткен. Дүниеде болып жатқан өзгерістер адам жанына нәзік те күрделі әсер қалдырары анық. Сол ерекше әсерді өз шығармаларында көрсеткен шеберлерлердің еңбектері қай заманда болмасын құнды! Бүгінгі таңда ұлттық ерекшеліктерімізді дәріптеп, тарихымыздан сыр шертер туындылар өзектілігін жоғалтпайды, әрдайым өнертану тұрғысынан зерттеп, зерделеуді талап ететіні сөзсіз. Ел бірлігі, еліміздің айнасы – өнері. Соның ішінде ұлттық қолөнер әр кезеңде сұранысқа ие болып келеді. Сол ерекшеліктерімізді сақтай отырып, заман талабына сай жаңа формалар қалыптасуда. Ұлттық өнеріміздің туы қашанда биіктерден желбіреп, еліміздің айбынын асқақтатынына сеніміміз мол» [9, 186 б.].

Қорытындылай келе, мәдениетіміздің мәйегі, түп тамыры – халқымыздың қолөнері. Қолөнерге сұраныс қазіргі заманауи өнермен қатар өсіп келеді. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болған сайын, тарихқа қайта үңіліп, ұмыт қалған өнеріміз қайта қалқып мәдениет бетіне шығуда. Бұл бізді қуантады, сонымен қатар қайта жаңғырып дами түсуіне негіз болады деп есептейміз. Қазіргі таңда тұрмыс-тіршілікте, күнделікті өмірде, киім үлгісінде, сәулет өнерінде, әшекей бұйымдарда ұлттық нақыштағы дүниелерге сұраныс арта түсуде. Бұл қазақ мәдениеті, тарихы, ұлттық ерекшелігіміздің ешқашан ұмытылмайтынын, керісінше қайта жандану үстінде екенін дәлелдей түседі. Ұлт мақтанышы – ұлттық өнеріміз, қолөнер өз бойына ұлттың барлық ерекшелігін сіңірген, тарихы тереңде жатқаны бір бөлшегі. Сол себепті, ұлттық қолөнерімізді насихаттау, оны зерттеп зерделеп жазу – біздің мақсатымыз. Ұлттық қолөнер халықтың жадында мәңгі сақталып, атадан-балаға мирас болып жалғасуға міндетті деп есептейміз.

*Әдебиеттері:*

1. Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық. (2009) (XX ғасырдың екінші жартысы, III том, 2-кітап). – Алматы. – 480 б.
2. Бердяев Н. А. *Смысл творчества. Опыт оправдания человека.* – М.: – 358 с.
3. *История казахского искусства. В 3-х томах. Том 3: Искусство Казахстана нового и новейшего времени.* – Алматы, 2009. – 896 с.
4. Sharipova D.S., Yespenova A.T., Kobzhanova S.Z., Yergaliyeva R.A. (2018) *Tendencies in women's painting in Kazakhstan in the context of the issue of self-identification. Space and Culture, India.* –V. 6. – Iss. 2. (Scopus). – P. 113–120.
5. Imanbayeva Zh.A., Assylbekova A. M., Nurkusheva L.T., Ostapenko I.I., Amandykova D.A. (2018) *On the history of studying museum complexes // Astra Salvensis - review of history and culture.* – Romania. – V. 6. – Iss. 1. – 311 p.
6. Halbwachs M. (1980) *The Collective Memory.* – New York : Harper & Row. Colophon Books. – P. 237.
7. *Wa Ode Zusnita Muizu, Universitas Padjadjaran Hilmiana, Universitas Padjadjaran COMPETENCY DEVELOPMENT OF CULINARY CREATIVE INDUSTRIES.* (2016) *Academy of Strategic Management Journal Volume 15, Special Issue 3, p. 67-73.* <https://www.abacademies.org/articles/Volume-15-Special-issue-3.pdf>.
8. Тохтабаева Ш. Ж. (2020) *Художественная обработка дерева и кости у казахов XIX–XX вв.: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений.* – Алматы, 2022. – 122 с.
9. *Казахский традиционный орнамент в современном изобразительном искусстве Казахстана.* – Алматы: ИЛИ МОН РК, 2017. – 280 с.

Г. М. Мадид

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

1 курс магистранты

Алматы, Қазақстан

Gulnaz\_m\_97@mail.ru

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӨРКЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДЕГІ СӘНДІК- ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ КРЕАТИВТІ КЕҢІСТІГІ

**Түйіндеме:** Бұл зерттеу қазіргі заманғы көркемдік тәжірибелерде, өнер туындыларында сәндік-қолданбалы өнердің шығармашылық кеңістігін зерттейді. Қолданбалы өнер практикасындағы сәндік-қолданбалы өнердің, креативтіліктің маңыздылығын анықтауға мүмкіндік туды. Мақала сәндік-қолданбалы өнерді құру процесінде шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне арналған. Мақалада ғылыми әдебиеттер талданды, «креативтілік» және «креативтілік категорияларын» қарастырудың әртүрлі аспектілері ашылды, «сәндік-қолданбалы өнер», «шығармашылық қабілеттер» ұғымдары, оның мазмұны, құрылымы және критериалды аппараты анықталды. Бұдан басқа, қазақтың киіз қолөнеріне, заманауи киіз шеберлігіне, олардың заманауи стиліне тән ерекшеліктер талданады. Зерттеу сәндік-қолданбалы өнердің экспрессивті мүмкіндіктерін көрсетеді, қолөнер саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамытудағы шеберлердің рөлін анықтайды.

**Кілт сөздер:** креативтілік, тәжірибе, сәндік-қолданбалы өнер, киіз, шебер, шығармашылық.

**Аннотация:** В этой статье исследуется творческое пространство декоративно-прикладного искусства в современных художественных практиках, произведениях искусства. Стало возможным определить значение декоративно-прикладного искусства, креативности в практике прикладного искусства. Статья посвящена проблеме развития творческих способностей в процессе создания работ декоративно-прикладного искусства. В статье проанализирована научная литература, раскрыты различные аспекты рассмотрения категорий креативности, определены понятия «декоративно-прикладное искусство», «творческие способности», его содержание, структура и критериальный аппарат. Кроме того, анализируются особенности казахского войлочного ремесла, современного войлочного мастерства, их стиля. Исследование отражает выразительные возможности декоративно-прикладного искусства, определяет роль мастеров в развитии творческих способностей в области ремесел.

**Ключевые слова:** креативность, опыт, декоративно-прикладное искусство, войлок, мастер, творчество.

**Abstract:** This study examines the creative space of decorative and applied art in modern art practices, works of art. It became possible to determine the value of decorative and applied art, creativity, creativity in the practice of applied art. The article is devoted to the problem of the development of creative abilities in the process of creating decorative and applied art. The scientific literature is analyzed, various aspects of the consideration of the «categories of creativity» and «creativity» are revealed, the concept of «decorative and applied art», «creative abilities», its content, structure and criteria apparatus are defined. In addition, the characteristic features of the Kazakh felt craft, modern felt craftsmanship, their modern style are analyzed. The study reflects the expressive possibilities of decorative and applied art, defines the role of masters in the development of creative abilities in the field of arts and crafts.

**Keywords:** creativity, practice, decorative and applied art, felt, master, creativity.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жылда зуылдап өте шықты. Біздің еліміз қазіргі кезге дейін дамудың жаңа жолына түсіп, халықтың бостандық туралы ғасырлық армандарын жүзеге асырды. Ел тарихындағы жаңа кезең әлемге Ұлы Дала Елінің жаңа бейнесін, ұлы өзгерістердің замандастарын ашатын еркін ойлайтын азаматтар ұрпағының қалыптасуымен атап өтілді. Тәуелсіз Қазақстанның мәдени кодын танымал шеберлермен қатар шығармашылық кәсіптердің жас өкілдері де қалыптастырады. Еліміздің мәдени мұрасын жаһандық мәдени-ақпараттық кеңістікте таныстыруда көкжиектер мен кедергілер жоқ, визуалдық өнердің әмбебап тілі бар жас суретшілерге, сәндік-қолданбалы өнер шеберлеріне ерекше рөл беріледі. Қазақ елінің дәстүрлі халықтық көркемөнер кәсіпшілігі мен қолөнерін, көркем және сәндік-қолданбалы шығармашылықтың барлық түрлерін қазіргі таңда көп елдер таныды. Ол әрине, қазақтың бұрынғы қолөнерін жаңаша креативті стильде өзгертіп жүрген қолөнер шеберлерінің арқасында. Қазіргі әлемде шығармашыл адамдардың орны қандай? Ол тәуелсіз шығармашылық бірлік болып қала алады ма?

Қолөнер адамдары жалпы, өмір мен айналамыздағы әлемді сәл әдемі ететін шығармашылықпен айналысатын адамдар. Сәндік-қолданбалы өнер саласындағы білікті мамандар бүкіл әлемде сұранысқа және шығармашылық даму үшін кең мүмкіндіктерге ие. Сәндік-қолданбалы өнер – бұл белгілі бір мағынада өзіндік шығармашылық көзқарасы бар шығармашылық адам болып қана қоймай, жақсы табыс табуға мүмкіндік беретін ерекше қызмет түрі. Қолөнер шеберлері әр түрлі идеялар мен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін ала отырып, әрқашан сұранысқа ие. Сәндік-қолданбалы өнер саласы жұмыста, көрмелерде, фестивальдарда және басқа да іс-шараларда үнемі бір-бірімен қиылысатын көптеген ерекше шығармашылық тұлғаларды біріктіреді. Бұл өнер өміріңізді қызықты қарым-қатынаспен байытуға, идеялар мен пікір алмасуға тамаша мүмкіндік. Кез-келген өнер мен қолөнер үнемі өзін-өзі жетілдіруді және өзін-өзі дамытуды қамтиды. Жаңадан үйрену, жаңа әдістерді қолдану, өнердің теориясы мен тарихымен танысу – мұның бәрі сәндік-қолданбалы өнер саласындағы нағыз кәсіпқой үшін өте маңызды. Адамның шығармашылық мүмкіндіктері қоғам дамуының маңызды көзіне айналуға. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, шығармашылық – бұл күрделілік пен өзіндік ерекшелігімен сипатталатын, бұрын болмаған жаңа және түпнұсқа жасау процесі [1, 16 б.]. Шығармашылықпен айналысу адамның эмоционалды-сезімдік жағына әсер етеді; ол ұстайды, алаңдатады, өмірлік принципке тіпті болмыстың мағынасына айналады.

Сәндік-қолданбалы өнердің түрлері мен жанрларының арасында тығыз байланыс пен өзара әсер бар. Олардың әрқайсысының көркемдік ерекшелігі адамзат тарихының нақты кезеңдерімен байланысты. «Сәндік-қолданбалы өнер – бұл адамзаттың материалдық мәдениетінің бөлігі, ол қоғамның даму тарихын дәл білуге ғана емес, сонымен қатар оның өмірін қайта құруды толық сезінуге көмектеседі». Сәндік-қолданбалы білім берудің басты мақсаты – тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыру, жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыру, ұлттық мәдени мұраны игеру, шындық пен өнерді эстетикалық қабылдау, қолөнершінің практикалық көркемдік қызметі. Сән-

дік-қолданбалы өнер адамның рухани мәдениеті мен материалдық ортасын қалыптастырады және жақсартады. Бүгінгі таңда өнердің бұл түрі көркемдік білім беру жүйесінің және тұлғаның шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сәндік-қолданбалы өнердің маңызды ерекшелігі – бұл темпераментпен сипатталады. Яғни, формалар элементтерін үйлестіру, шамалар мен массалар арасындағы қатынасты орнату, олардың біркелкі таралуы. Көркемдік-қолданбалы мақсаттағы бұйымдарда темперамент кеңінен қолданылады, ол пластикалық көлемдік формалар элементтерінің вариациялары мен комбинаторикаларында көрінеді. Темперамент, өнімді қолмен жобалау әдісі ретінде «модельдеу» (модуляция) ұғымымен анықталады. Бұл ерекшелік дизайн саласындағы суретшінің және халықтық қолөнер шеберлерінің шығармашылығына тән [2, 11 б.]. Сәндік-қолданбалы өнер шебері өз жұмысын жасай отырып, күрделі мәселені, яғни, нысан пішінінің үйлесімділігін (қолдануға ыңғайлы) және оның әшекейлерін, декорларын табу мәселелерін шешеді. Көбінесе оның декорының арқасында тұрмыстық заттар өнер туындысына айналады. Сәндік-қолданбалы өнер туындылары қабылдау мен көруге және жанасуға арналған. Сондықтан текстераның сұлулығын және пластикалық қасиеттерін анықтау мұнда ерекше мәнге ие. Адамзат қоғамының дамуының алғашқы кезеңінде пайда болған сәндік-қолданбалы өнер көптеген ғасырлар бойы ең маңызды болды, ал кейбір ұлттар үшін көркем шығармашылықтың негізгі саласы болды. Тұрмыстық заттарды көркем безендірудің көптеген дәстүрлері халық шығармашылығында және халықтық, көркем қолөнерде бүгінгі күнге дейін сақталған.

Жалпы сәндік деген сөз – бұл сұлулықты білдіру формасы ретінде әрекет ететін композициялық-пластикалық және колористикалық құрылымымен анықталатын өнер туындысының сапалық ерекшелігі. Белгілі бір дәрежеде сәндік пластикалық өнердің барлық түрлерінде көрінеді [3, 31 б.].

Айгүл Жансерикова, Майра Нұрке, Бапановтар әулеті, өз жұмыстарында әртүрлі сәндік-қолданбалы өнерді қолдануды қарастырды. Сәндік-қолданбалы өнердің өзіне тән ерекшелігі шығарманың көркемдік-бейнелік құрылымының бірлігі мен тұтастығымен анықталатынын атап өтті. Бұл, ең алдымен, бейнелеу (бейнелеу) өнерінің саласы ретінде сәндік-қолданбалы өнер бастапқыда күнделікті өмірде практикалық қолдануды табатын өнер туындыларын қолмен жасауға бағытталғандығына байланысты. Бұл қолөнершілердің өнері ол киіз басу болды. Киіз басу өнері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда осы қолөнердің жандануы жүріп жатыр. Бүкіл әлемде киіздің табиғилығы, экологиялылығы, жеңілдігі мен қолайлылығы жоғары бағаланады, қой жүнінің денсаулыққа пайдасы зор. Киіз бұйымдар халыққа өзінің түп-тамырын еске сала отырып, қазақтардың мәдени құндылықтарын айқын көрсетеді. Жалпы киіз дайындау технологиясы қола дәуірінде тамыр жайған және оны көшпелі қазақтар үшін тұрмыста пайдалану ұлттық бренд болған. Ғасырдың соңғы ширегінде (Тәуелсіздік кезеңінде) жекелеген дизайнерлер оны пальто, палантиндер, шарфтар, болеро, бас киімдер және т.б. сән топтамаларын жасауда қолданды, бұл олардың айқын «ұлттық» ерекшелігі арқасында шетелде өте жағымды қабылданды. Қазіргі уақытта Қазақстанда және бүкіл Орталық



Азияда киіз іс жүзінде шексіз мүмкіндіктері бар ең сәнді көркем аналардың бірі болып табылады. Халық арасында әлі де киізден сырмақ, текеметтерді дайындау жұмысын жалғастырып келе жатқан, бұл қолөнер түрін қазіргі таңда әлемге танытып, бұл өнерге басқаша жандандырып жатқан қазақ шеберлерін айтуға болады. Сондай шеберлердің бірі – Айгүл Жансерикова. Киізден жасайтын бұйымдардың, яғни, Aigul Line брендінің негізін қалаушы, этнодизайнер. Айгүл Жансерикова 20 жыл бұрын киіз басу өнерін жандандырып, көпшілікке таныта бастады.

Суретші үнемі ізденіс үстінде жүреді. Оның тәжірибесінде сәукеленің саф күмістен зерлеп жасалған шағын үлгісін де кездестіруге болады. Соның бірі «Күміс сәукеле» 2013 (сурет 3) алғашқы сәукеле үлгісінен едәуір шағын әрі заманауи сәнді етіліп жасалған. Сыртқы пішіні конус тәрізді болып келген бас киім жапсырмалы сегіз бөліктен құралған. Әр бөлік кесте өрнегіне ұқсас өсімдік мәнердегі ою-өрнектермен көркемделген. Сәукеленің төбесіне күмістен өте нәзік етіп жасалған құстың қауырсынын таққан. Суретші Естай Даубаевтың айтуына қарағанда сәукеленің бұл үлгісін бүгінгі дәуірдің сәнқой қалыңдықтарына арнап жасаған екен.

Бүгін де суретшінің қазақ ұлттық қолөнерінде бейнеленген көркем туындылары дүниежүзілік мәдениетпен ұштасуға ықпал жасады. Ескіріп естен шыққан көне бұйымдарды қайта тірілтіп кейінгі ұрпаққа насихаттауда Естай Даубаевтың еңбектерінің үлесі аса зор. Скипитер-перғауындар заманынан бергі биліктің ежелгі символдарының бірі. Оның прототипі әл-ауқат пен байлықты нышаны болды (оның қазақ мәдениетіндегі аналогы «Аса таяқ» деп аталады). Кейінгі дәуірлерде еуропалық билеушілер оны патша билігінің атрибуты ретінде қолдана бастады. Қазақтар бұл ежелгі дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Сондай ерекше туындылардың қатарын шебердің қайта жаңғыртқан кезекті шығармасы хандар ұстайтын асатаяқ. Биіктігі 1 метр 80 см. Асатаяқ «Бірлік» деп аталады 2015 ж. (сурет 5). Асатаяқ үш бөліктен құралған. Әр бөлік ерекше сәнді ою-өрнектермен өрнектеліп көк және ақық тастармен көркемделген. Асатаяқтың жоғарғы бөлігіндегі күмбезді композициядан киіз үйдің шаңырағын көреміз. Бұл асатаяқтың үлкен түріне жататын үлгісі. Әдетте үлкен асатаяқты хандар халықтың алдында өкім шығарғанда қолдарына ұстаған екен.

Шебердің кезекті туындыларынан асатаяқтың шағын үлгісін де кездестіруге болады (сурет 4). Оның алғашқы нұсқасынан ерекшелігі салмағы жеңіл әрі өте сәнді етіліп жасалған. Екіншіден оның суық қару ретінде жасалған үшкір жүзі бар, сондықтан арнайы қабымен жасалған. Мұнда зергерлік өнерінде қолданылатын ең күрделі технологиялық әдістерді байқауға болады. Олар қалыпқа салу, өрнек жүргізу, тас салып құрастыру, қарайту, металды бұрап тоқып жапсыру, ою ойып жапсыру балқыту және зерлеу. Шебер әр шығармасын орындамастан бұрын оның атқаратын міндетін, мағынасын, ерекшеліктерін қатаң қадағалап отырған.

Естай Даубаевтың жасап шығарған қолөнер бұйымдарын 18 ғасырда кездесетін құнды дүниелерімізге өте ұқсас екенін көреміз. Бұл суретшінің бойындағы зерттеушілік қабілетін байқатады. Мұнда суретшінің шығармашылық талпынысы ұлттық өнердің мазмұнын байытуда тынымсыз ізденуімен бірлесіп жатыр.

Орталық Азияның басқа халықтарының дәстүрлерімен көп ұқсастығы бар қазақ зергерлік өнері бүгінде ерекше және танымал болып қала береді. Ол мүсіндік экспрессивтілікпен, пішіннің айқындығымен, кеңістік пен симметрия сезімімен, металдың күші мен тектілігін, тастардың сұлулығы мен сиқырын

баса көрсететін ойластырылған символизммен ерекшеленеді. Күміс-асыл ғана емес, сонымен қатар иілгіш материал. Кәсіби маман иесі әртүрлі әдістерді біріктіреді, металл, былғары, тастарды өңдеудің дәстүрлі әдістерін қолданады. Естай Даубаев зергерлік өнер жауһарларының авторы ретінде ғана емес, сондай-ақ халықаралық көрмелердің, жәрмеңкелердің қатысушысы, безендірушісі және ұйымдастырушысы ретінде өнер зерттеушілері арасында үлкен қызығушылық тудырды. Ол Астанадағы Президенттік мәдениет орталығының, Оралдағы Алтын Орданың мұражайларында сәндік-қолданбалы өнер экспозициясын безендіруге және Петропавлдағы «Абылай Хан Ордасы» жұмысына қатысты.

Айта кету керек, суретшінің бірқатар жұмыстары ҚР Тұңғыш Президенті Музейінің коллекциясына енген. Шебердің алғашқы жеке көрмесі 2013 жылы мұражаймен серіктестік жоба аясында ұйымдастырылған. Экспозицияда «Алтын және күміс істер» арасында танылған шебердің үздік жұмыстары ұсынылған: қару-жарак, билік рәміздері, әйелдердің зергерлік бұйымдары, ат әбзелдері және т. б.

Автордың айтуынша, бірегей туындылар ұзақ, қажырлы шығармашылық ізденістердің нәтижесінде туады. Көп саяхаттауға, тарихи және мұражай материалдарын, археологиялық олжаларды, халық шеберлері – қолөнершілердің бұйымдарын зерттеуге тура келеді. Көркемдігімен таң қалдыратын сәукеле дәл осылай туған және көрме экспозициясынан лайықты орын алған. Қазіргі заманғы қазақстандық суретші-зергер, мүсінші Естай Даубаевтің бұйымдары баршаға түсінікті үйлесім мен кемелділік тілінде сөйлейді. Сондықтан да оның қолынан шыққан не бір көне үлгідегі бұйымдар жаңғырып, жасарып, көненің көзіндей болып еліміздің орталық мұражайлар төрінен орын алып отыр.

#### Әдебиеттер:

1. Айтуарова А., Мұсаханова М., «Қазақ халқының дәстүрлі өнерін дамытудың бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері» [Мәтін]: Дөңгелек үстел /.- Алматы: Қаз ҰОА, 2006.– 108 с.
2. Тохтабаева Ш. Ж. Этикет казахов / Тохтабаева Ш. Ж.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.
3. Кенжебаев А. А., Кенжебаева Л. А. Кенжебаев Н. А. Өнертану сөздігі. Словарь искусствоведических терминов: Қытайша/ ағылшынша/ орысша/ қазақша / – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 240 б.
4. Әденова Л., Қожағұлова Т. Зергерлік өнер нақыштары. Кітап – альбом. / – Алматы: Аспантау, 2018. — 209 с.
5. Мұсаханова М. З. Қазақ халқының қолданбалы өнері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы: Әрекет-Принт, 2012.
6. Галимжанова А. С., Глаудинова М. Б., Кишкашбаев Т. А., Шкляева С. А., Муратаев К., Елеукенова Г. Ш., Барманкулова Б. К. История искусств Казахстана. – Алматы, 2006.



Сурет 1. Сәукеле. 2013



Сурет 2. Бәс білезік. Күміс,  
алтын жалату, ақық тас (сердолик),  
мөр (штамп)



Сурет 3. Сәукеле.  
Күмістеу, егеу, зерлеу



Сурет 4. Скипетр. Күміс, алтын жалату, зерлеу, мүйіз, ақық, болат



*Сурет 5. Асатаяқ «Бірлік». Күміс, алтын жалату, зерлеу, мүйіз, ақық, болат. 2012 ж*



*Сурет 6. Күміс түйме*





Сурет 7. Суық қару түріндегі аса-таяқ. Күміс, алтын жалату, көгілдір тас, болат, балқыту



Сурет 8. Белдік, күміс, ақық тас, былғары



Сурет 9. Білезік. Күміс, алтын жалату, зерлеу



Сурет 10. Ерлер белдігі. Күміс, ақық, былғары

**З. А. Ыдырыс**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер

Академиясының аға оқытушысы

Алматы, Қазақстан

*zukhraydyrys@gmail.com*

## ЖАҢАТАЙ ШАРДЕНОВ КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ ИМПРЕССИОНИСТІК ІЗДЕНІСТЕР

**Түйіндеме:** Мақалада қазақ кескіндемесіндегі импрессионистік мәнердің негізін қалаған Жаңатай Шарденов шығармашылығы қарастырылады. Биыл 95 жылдық мерейтойы қарсаңында суретші шығармашылығына тағы да бір көз жүгіртіп, шығармашылық қолтаңбасын саралауды қажет етті. Көбінде этюдтік мәнерде жұмыс жасайтын суретші табиғат көріністеріне өзіндік философиясы тұрғысынан «шарденовтік көзқараста» қарай отырып, әлем мойындаған танымды өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Пастозды жазу мәнері мен «рельефті» кескіндемесі динамикаға толы ішкі толғанысты көркемдеп мәнерлі жеткізудің шеберіне айналады. Бүгінгі таңда Жаңатай Шарденовтың көркемдік қолтаңбасының отандық кескіндеменің дамуына қосқан үлесі мен жазу мәнерінің бүгінгі заманауи кескіндемедегі маңыздылығын айқындауға бағытталған.

**Кілт сөздер:** кескіндеме, пастозды кескіндеме, этюд, пленер, импрессионизм.

**Аннотация:** В статье рассматривается творчество Жанатая Шарденова, как личности, положившей начало импрессионистической манере в казахской живописи. В 2022 году отмечается 95 лет со дня рождения художника и стоит заново рассмотреть творчество художника и переосмыслить его живописные приемы. Часто работавший на этюдах художник приходит к изображению природы с собственной философской точки зрения. Он сформировал свой, признанный всеми почерк «шарденовского взгляда» через пастозную манеру письма и «рельефную» живопись, и стал мастером художественной выразительной передачи внутренне наполненной динамики. В статье выявляются художественные особенности Шарденова, значимость его почерка в современной живописи и вклад в развитие отечественного искусства.

**Ключевые слова:** живопись, пастозная живопись, этюд, пленер, импрессионизм.

**Abstract:** This article examines the work of Zhanatay Shardenov, who pioneered the Impressionist style in Kazakh painting. This year, on the eve of his 95th birthday, the artist took another look at his oeuvre and demanded to differentiate his creative signature. The artist, who often works in a sketching style, a «Chardinist approach» to the manifestations of nature in terms of his own philosophy, has formed his own autograph of internationally recognised cognition. The pastose manner of painting and «relief» painting become masters of the artistic expression of the inner filling with dynamics. At the present time the artistic handwriting of Zhanatay Shardenov aims at identifying the contribution to the development of national painting and the significance of the lettering style in modern painting.

**Keywords:** painting, pastos, sketch, panorama, impressionism.

Қазақ бейнелеу өнерінде өзінің дара қолтаңбасымен ерекшеленген суретшілер аз емес. Біз қайсыбір суретшіні еске алсақ та оны өзіне тән айқын мәнерімен айшықтауға тырысамыз. Шығармашылығы шындалып, халық тара-

пынан қолдау тапқан суретшілердің де соңынан ерер ізбасарлары көп болмақ. Алайда бүгін тілге тиек етіп отырған суретшіміз талантымен, дарынымен халық ықыласына бөленгенімен бүгінгі таңда оның мол мұрасын, дара қолтаңбасын, көркемдік дүниесін өз шығармашылығына арқау етіп, ізін жалғаған жас өрендер жоқтың қасы.

Жаңатай Шарденов жастайынан өмірдің кермек дәмін ерте тартқандықтан болар еңбекке ерте бейімделіп, жан-дүниесінің шерін табиғатқа тарқатып, табиғатпен ғана сырласып үйренеді. Тұмса табиғатқа тумысынан жақын болуы оның кейінгі шығармашылық бағытын, негізгі көркемдік нысанын анықтап берді. Жаңатай Шарденов 1927 жылы қазіргі Ақмола бұрынғы Целининград облысының Ковыленко ауылында дүниеге келген. Жасы он үшке жеткенде әкесі, енді бір жылдан кейін анасы дүниеден озып оң-солын тани бастағанда тұл жетім қалады. Ер жеткенше болашақ суретші көкесінің қолында тәрбиеленеді. Суретшінің ұлы Бақыт Шарденовтың айтуынша оның суретші болуына сол кездегі республика бойынша сауатсыздықпен күрес үшін жүргізілген ең үздік сурет конкурсы тікелей себепші болған екен. Осындай іс-шараға қатысқан Жаңатай Шарденов Чапаевтың суретін салып, қызыл түсті матамен марапатталады. Аталмыш комиссияның мүшелері оған білімін кәсіби түрде жалғастыру үшін Алматы қаласындағы Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне жолдама береді. Ауылда өскен қара долмалақ бала орыс тілін жетік білмегендіктен бір жыл ерікті тыңдаушы болып жүреді. Дегенмен, еңбекқорлығының, ізденімпаздығының арқасында 1949 жылы осы оқу орнын үздік бітіріп, Ленинградтағы И. Е. Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтына жолдамаға қол жеткізеді. Осы жолдаманың арқасында екі жыл тыңдаушы болып білім алған ол кәсіби шеберлігін арттырып Эрмитажда орналасқан жауһар туындылармен сусындап өресін кеңейтіп, 1955 жылы елге оралады.

Алматыға оралған сәттен бастап Жаңатай Шарденов шығармашылықпен қызу айналысады. Бұл Кеңес Үкіметі билігінің дәурендеп тұрған шағы. Өнер мен әдебиет осы саясатты насихаттаудың ең тамаша құралы болатын. Сондықтан мәдениеттің барлық саласына цензура мықтап бекіген еді. Ал, бейнелеу өнері «формасында ұлттық, мазмұнында соцреалистік» деген ұранды желеу ете отырып, көптеген суретшілердің шығармашылығына ашық түрде нұсқау жасады. Кескіндеме мен мүсін саясаттың осындай құйтырқы амалдарынан тыс қалған жоқ. Тек Ж.Шарденов өз шығармашылығын осындай саясаттан тыс дамыту жолында пейзаж жанрына басымдық беріп, туған жерінің көркем табиғатын, тамаша көріністерін үлкен махаббатпен, кең жүрекпен кенеп бетіне түсіре бастайды.

Бұл туралы суретшінің ұлы Батқыт Шарденов былай еске алады: «Оны алған бетінен ешнәрсе қайтара алмайтын. Өмір бойы ол тек туынды жазумен болды, басқа еш жерде жұмыс істемеді. Әкем демалыс дегенді білмейтін, керісінше сурет салсам демалам дейтін. Тауға шыққанды жаны сүйетін, үнемі жаяу баратын және жолындағы әрбір соқпаққа дейін байқап, алдында қандай көрініс күтіп тұрғанына дейін біліп отыратын. Әкемнің, ішіне барлық бояула-

ры мен кенептері сыйып кететін үлкен әрі ауыр арқа қапшығы болатын. Ал, қыста осы ауыр жүгіне қосымша құлақшынын, қолғабы мен мықты етігін киіп өзінің шабытының жолында ізденіске аттанатын [1]. Суретші үнемі өзінің дара қолтаңбасын іздену үстінде болды. Сол жазу мәнерін тапқаннан кейін бүкіл саналы ғұмырын соны жүзеге асыруға арналған шығармашылыққа бағыштады. Көп сөзі жоқ, қарапайым, әдетте көңілді жүретін суретшіні замандастары мен ұрпағы осылай еске алады.

Жаңатай Шарденов қылқаламы сырлы бояуға тұнған теңдессіз пейзажист суретші. Ел тарихында есімі ерекше аталатын дара тұлға. Шығармашылығының алғашқы кезеңінде ол кенептеріне «Шарден» деп қолтаңба қалдыратын дейді көзі көрген қатарластары. Бұған себеп суретші тегінің Француздардың ұлы суретшісі Симон Шарденмен ұқсастық табуында еді. Аттары ұқсас болғанымен олардың шығармашылықтары мүлде дара қалыптасады. Ж.Шарденов шығармашылығы өз кезінде қоғамнан лайықты қолдау таппағанымен кейінгі ұрпақ мойындап әділ бағасын берген болатын. Біршамасы батысшыл деп кінә артса, енді бірі академиялық мектептің дәстүрлерін сақтамағанын сынға алды [2]. Замандастары Жаңатайды бірде постимпрессионист Ван Гогке теңеп жататын. Бұған оның ерекше жазу мәнері себепкер еді. Бояуды кенепке өте қалың етіп жаға отырып (қою әрі қалың жағылуы үшін майлы бояуға гипс ұнтағын қосу арқылы эксперименттер жүргізді. Бұл отандық бейнелеу өнерінде эксперимент жасап, батылдық танытқан алғашқы суретші болатын), онда қылқаламның айқын іздерін түсіру арқылы рельефті кескіндеме жасап, жарық пен көлеңкенің үйлесуінен оларға үздіксіз динамикалы қозғалыстың әсерін беретін. Пастозды бейнелеу мәнері және фактуралы бедерлі кескіндемесі оны постимпрессионист суретшілермен осылайша жақындастырады.

Бүгінгі өнертанушы ғалымдар суретші шығармашылығын тұстану, табиғатты етене зерттеу ерекшелігіне қарай импрессионист суретшілер қатарына жатқызады. Пастозды жазу мәнері болмаса Шарденов табиғаты импрессионист суретшілерге біртабан жақын. Өйткені оның кенептеріне этюдтік, пләнерлік сипат тән. Суретші тіпті өз кенептерінде кеңістікті, тереңдікті зерттеуге айтарлықтай құмартпайды. Тереңдікті көрерменнің туынды алдында тұрып қабылдау ерекшелігін есепке ала отырып шешеді. Ол үшін түс, жарықтың әсерінен құбылған түстің мың түрлі реңктерін зерттеу жақын болды. Кенептерінің көлемі пләнерлік этюдтерге арналып шағын етіп алынатын. Яғни, суретші үшін сюжет, оқиға желісіне қарағанда осы шағын көлемдегі этюдтік сипаттағы пейзаждар арқылы үздіксіз қозғалыстың, шексіздіктің әсерін жеткізу маңыздырақ еді.

Табиғатпен етене сырласқанды жаны сүйетін суретші оның тылсым тілін білетін сияқты еді. Күнделікті табиғаттың сырға толы сұлу келбетін бейнелеу арқылы оның шексіз құдіретін мойындай түседі. Шарденов керептеріндегі басын ақ қар жапқан таулар әрқашан ұлы, тәңірдің өзіндей асқақ болса, аспан тұңғыық тереңнің өзіндей мұнарланып тұратын. Ағаштарыда бір-бірімен аста-сып Жетісудың сұлу сымбатын аша түсетін. Жанына жұмақ сыйлайтын тамаша табиғатты кескіндеу арқылы пейзаж жанрында өз шеберлігін шындаған суретші,

енді тақырыптық туындыларға аса қалам тарта қоймайды. Мұндай жұмыстар жаза қалса, кескіндемеші туындыны құлықсыз бастап, олар әдетте ұзақ уақытқа созылып кететін. Суретшінің жанынан жылу алмаған, тек шеберлігінің көрінісі болатын осындай жұмыстар сондықтан да оның шығармашылығында тым аз. Мұндай тақырыптық туындылардың орнын Жанатай Шарденов әдетте тағы да пейзажбен, соның ішінде өндірістік пейзаждармен толықтырып отырған. «Кемежай», «Трактор К-700», «Өндіріс кезіндегі пейзаж», «Павлодар алюминий зауыты» атты өндірістік тақырыпта жазылған туындылары суретшінің 1960-70 жылдардағы шығармашылығына сәйкес келеді.

Жанатай Шарденов кенептеріне жалпы этюдтік сипат тән екенін атап, кеттік. Дегенмен, 1970 жылдарға дейінгі және кейінгі кенептерінен суретшінің жазу мәнерінде, түстік шешімінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мысалы 1960 жылдары ол С. Мамбеев секілді ашық түстерді жиі пайдаланып, көп фигура-лы этюдтік характердегі кеңістікті анықтауға арналған туындылар жазады. Бұл кенептерінің басым көпшілігі Алматы қаласы орталықтары мен көшелерінің көктем және жаз мезгілдеріндегі көрінісін кескіндеуімен ерекшеленеді. «Қала пейзажы», «Өндірістік пейзаж», «Қысқы пейзаж», «Алматы. Абай ескерткіші» және т.б. жұмыстары осы кезеңдегі көркемдік мәнерімен айшықталған. Суретші қаланың тыныс-тіршілігін, табиғаттың сұлулығын кескіндемеде түс арқылы жеткізуді басты мақсат етеді.

1970 жылдары суретші кенептерінде қолтаңбалық мәнері өзгеріп, пастозды жазу ерекшелігімен айқындала бастайды. Бұл жылдардағы туындылары Шарденовтың замандастары тұрғысынан да қабылданбай, туындылар мен қолтаңбалық мәнеріне «бояуды тым көп жаққан», «кәсіби емес» [2, 6 б.] деп мін тағатын. Дүниені көруі мен сезінуі, оны көркем шығармашылықта беруі жағынан суретші өз заманынан бұрын туғандай әсер қалдырады. Ленинградта білім алып жүргенде ол музейлер мен көрмелерге жиі баратын. Солардың бірінде импрессионист суретшілердің шығармашылығын тамашалап, туындыларына тәнті болған еді. Елге оралғаннан кейін шығармашылық ізденіс жолында көп ұзамай импрессионисттердің жазу, тұстану мәнеріне қайта оралып, оларды өзінше «шарденовтік» көзқарас пен мәнерде кескіндейді. Нәтижесінде, суретшінің Алатаудың әсем келбетін мейлінше әсерлі бейнелеген кенеп пен картонға кескінделген «Биік тауда», «Алатау көрінісі», «Медеуге барар жол», «Көк төбе», «Тау пейзажы», «Таудағы жылымық», «Қайыңдар» сынды пейзаждары импрессионистік еркін жазу мәнері мен этюдтік сипатында және постимпрессионистік пастозды жазу ерекшелігімен және түстік шешімінде үндестік тауып жазылды. Бұлардың барлығынан біз пастозды бедерлеп жазу мәнерімен бірге шынайы реалистік табиғатты, негізінен суық түстерде шешім тапқан үндестікті көреміз. Аталған пейзаждарында жағыс іздері кенеп бетінде шимайланып, бейнеленген табиғи ортаның пішініне ыңғайлана бедер қалдырып динамика әсерін беретін болса, кеңістіктік, пландық шешім ауалық перспектива заңдылықтарына бағына шешіледі. Туындыны тамашалап тұрған көрермен үшін олар әлі де дәстүрлік мәнерінен аса ажырамай-ақ қабылдауына қолжетімді еді.

Ал, 1980 жылдардан бастап кескіндемеші көпшілікке танымал болған өзінің дара қолтаңбасына жетілдіре түседі. Мұнда бірінші байқайтынымыз түстік шешім мен бояуды кенепке жағу мәнері күрт өзгереді. Бұрында пастозды жағу мәнерімен ерекшеленетін Шарденов қолтаңбасы енді рельефті сипат алып, құдды бір мүсінделген кескіндеме секілді көріне бастайды. Түстері де қоюланып, қарая түскендей. Алдыңғы пейзаждарындағы ақ, ақшыл-көк, көгілдір, көк түстеріне енді қоңыр, күрең қызыл және сарғыш түстер қосылып жылы шырай таныта бастайды. Енді ол пейзаждарында кеңістікке, ауалық перспективаға, табиғат жағдайына қарағанда бір түстің өзара әрекеттесу барысында бірнеше реңкке құбылу ерекшелігін, қою әрі қараңғы түстердің тылсым құпиясын зерттеуге көшеді. Этюдтерді фрагментке айналдырған ол бедерлі қалың жағу мәнеріне ауысады. Сол фрагменттердің өзін бояу жағыстарының ізінен пайда болған белгілі бір формаға айналдыра отырып, үздіксіз шексіз қозғалысқа түсіреді. Оның «Қысқы пейзаж», «Алқаптағы заводтар», «Алатаудың әсем таулары», «Сирень», «Кешкі Медеу», «Горький паркіндегі кафе», «Қысқы шыршалар» және т.б. жұмыстары осы кезеңге жатады. Әсіресе Жаңатай Шарденовтың осы уақыттағы жұмыстары бір түстің реңктік қатынасындағы үндестікке бағына жазыла бастайды. Мысалы, «Гүлденген сирень» күлгін қаракөк түсінің, «Медеу» көк түстің, «Алматы маңындағы кешкі мезгіл» қою жасыл түстің реңктік қатынасында шешім тапқан болатын. 1970 жылдардың соңына қарай жазылған «Сирень», «Гүлденген сирень», «Гүлдер» және т.б. туындыларында суретші жағыс мәнерімен қоса заттардың да танымды сипатын жоғалтып өзгеріске ұшыратады. Мұндай туындылары жақыннан көруге арналмаған. Сәл шегініс жасап, алысырақ тұрып көтеретін болсақ қана қою жағылған бояу мен оған батырылып түскен қылқалам мен мастихин іздерінің шимайынан және бедерлі динамикалық іздерінен зат пен кеңістіктің арасындағы ауалық байланысты план аралық шешімді байқаймыз. Бір қарағанда айқыш-ұйқыш бояулардың ретсіз бейберекет жағысы секілді көрінген картина енді табиғаттың тамаша көрінісіне айналып, көз алдымызда кеңістікке қарай тереңдеп шыға келеді. Бұл суретшінің туынды мен көременнің, көрермен мен табиғаттың, табиғат мен туындының арасында диалог орнатуының ерекше әдісі еді. Осылайша біз туынды арқылы табиғатпен, табиғат арқылы суретшінің сырлы әлемімен тілдесіп, туындыдағы табиғат әлеміне бойлау арқылы өзіміздің ішкі әлемімізге де үңілгендей болады. Әрбір туындысында табиғат көрінісін кескіндеу үшін таңдаған суретшінің түстік шешімі де табиғаттың белгілі бір уақыты мен мезгілінің көрінісі емес. Ол суретшінің дүниетанымы мен өмірлік философиясының көрінісі болмақ. Суретші табиғат арқылы түсті таныса, түс арқылы дүниені тануға, оған деген өзінің барлық сезімі мен толғаныстарын кескіндемелік туындылары арқылы жеткізуге тырысады.

«Ұлар» галереясының директоры Юрий Маркович өзінің баспасөз басылымдарына берген сұхбаттарында үнемі Жаңатай Шарденов шығармашылығын жоғары бағалайтынын, өзінің галереясының алтын қорында суретшінің жауһар туындыларының сақталғанын мақтан тұтатынын айтып жүреді. «Туындыдан алыстаған сайын оны қабылдау күшейіп, композиция айқында-ла түседі. Бұл суретшінің туындыны көруден одан әртүрлі қашықтықта орна-

ласқан көрерменнің оны қабылдауын қаншалықты нәзік әрі дәл сезіне білгендігі туралы айтады. Көрерменденді ынтықтыратын фантастикалық әсер бар. Өзім үшін әлі күнге дейін Шарденовтың құпияларын ашу өте қызықты. Кейбір жұмыстарында әрбір жағысы сәулеттік туындыны, металдың бедерлі бұжыр беті сияқты әсер қалдырады» – деп өз пікірін білдіреді [3].

Жаңатай Шарденов осындай ерекше қолтаңбасы арқылы өзіндік танымын, философиясын ұсынады. Ол табиғатты ондағы жарықтың қатынасынан өзгеріске түсіп құбылған түстерді немесе табиғаттағы әртүрлі жағдайды жеткізу емес. Тынымсыз ұдайы қозғалыста болатын тіршіліктің, өмірдің табиғатын кескіндеу еді. Бір ғана түстің бірнеше реңктері арқылы өмірдің жағдайын бейнелеу болатын. Бедерлі жағыстары арқылы өмірдің жарқын және көлеңке тұстарын айқындау деп түсінуге де болады. Теориялық тұрғыдан қарағанда осы экспрессия, мазасыз жағыстар, бедерлі іздердің көлеңкесі арқылы тіршіліктегі қозғалыстың имитациясын жасауға тырысса керек. Жаңатай Шарденов шығармашылығы бүгінгі ұрпаққа тек қана дара қолтаңбасымен емес, туындыларының ішкі энергиясымен, түстік және дүниетанымдық көзқарасымен құнды. Жаңатай Шарденовтың шығармашылық мұрасы қазақ кескіндемесіндегі жауһарлар қатарына еніп, суретшіге дейінгі де, кейінгі де кезеңнен ұқсас мәнрде шешім таппаған феномен. Оның дара қолтаңбасы отандық өнермен қатар әлемдік деңгейдеде өте жоғры бағаланады. Оған кейінгі жылдары әлемдік аукциондарда суретші қолтаңбасына тиесілі кескіндемелік жұмыстардың Қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық мектеп суретшілерінің ішінде көш бастап өте жоғары құн сұрап тұрғаны дәлел бола алады.

*Әдебиеттер:*

1. «Писал картины в горах камчой». Как мальчик-пастух стал казахским Ван Гогом. – URL: <https://tengrinews.kz/mixnews/pisal-kartinyi-gorah-kamchoy-malchik-pastuh-stal-kazahskim-417456/> (дата обращения 25.02. 2022).
2. Жаңатай Шарденов. Альбом. – Алматы, 2002. – 56 б.
3. Шарденов – это подлинное искусство секретов казахского гения. – URL: <https://mk-kz.kz/culture/2021/03/17/shardenov-eto-podlinnoe-iskusstvo-sekretov-kazahskogo-geniya.html> (дата обращения 08.03.2022).

М. М. Келсінбек

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
Өнертану ғылымдарының магистрі  
Алматы, Қазақстан  
moldir\_18-95@mail.ru

## СУРЕТШІ ЗАРИНА ЧУКЕТАЕВАНЫҢ НАТЮРМОРТТАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАРДЫ КӨРКЕМДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйіндеме:** Мақалада натюрморт жанрында жазған жас суретші Зарина Чукетаеваның картиналарын мысалға ала отырып, Қазақстанның кескіндеме саласындағы ұлттық ерекшеліктері зерттеледі. Картиналарды талдау барысында қазақ халқының тұрмыстағы заттарын бейнелеу натюрморт жанрының маңызды екенін анықтауға мүмкіндік береді. Автор натюрморт композицияларын құру кезінде ұлттық тұрмыс заттары мен ою-өрнектер сияқты элементтерді пайдаланудың ерекшеліктерін атап өтеді. Натюрморттағы ұлттық модельдерді кеңістіктегі көріністерінде ұлттық нақыштағы заттар әлемі алдыңғы планға шығарылып, матаның композициялық және мағыналық құрылысын айқындаған. Суретші заттардың арқасында қазақ тұрмысын көрсетіп, сондай-ақ ұлттық өнерді іздеу ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы картиналарда түстік үйлесіміндегі ерекшеліктер қарастырылады.

**Кілт сөздер:** натюрморт, композиция, мата, динамика, сурет, фон.

**Аннотация:** В статье на примере картин молодой художницы Зарины Чукетаевой, написанной в жанре натюрморта, исследуются национальные особенности Казахстана в области живописи. Анализ картин позволяет определить значение жанра натюрморта в изображении предметов быта казахского народа. Автор отмечает особенности использования таких элементов, как предметы национального быта и орнаменты, при создании натюрмортных композиций. В пространственных представлениях национальных моделей в натюрморте мир предметов национального колорита выводился на передний план, определяя композиционное и смысловое построение ткани. Художник, благодаря вещам, показывает казахский быт, а также позволяет определить его как поиск национального искусства. Например, в картинах рассматриваются особенности цветового сочетания.

**Ключевые слова:** натюрморт, композиция, ткань, динамика, рисунок, фон.

**Abstract:** The article examines the national peculiarities of Kazakh painting on the example of paintings by the young artist Zarina Chuketayeva, painted in the genre of still life. The analysis of the paintings allowed us to determine the special significance of the genre of still life in the image of the life of the Kazakh people. When creating still-life compositions, the author notes the peculiarities of using elements such as objects of national life and ornament. In the spatial representations of the national model in the still life, the world of objects of traditional culture is brought to the fore, determining the compositional structure of compositions, their semantic content. The artist uses the image of objects to reveal the integrity of the Kazakh way of life, which makes it possible to understand the ways of searching for the national in the visual arts. At the same time, the analysis of the paintings reveals the peculiarities of the color combination of the national color and the semantics of color.

**Keywords:** still life, composition, drape, dynamics, painting, background.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бағытында:



«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда» [1, 20 б.] – деген.

Бейнелеу өнеріндегі ұлттық идея көріністерін танып-білуді өнер туындыларын зерттеуші отандық ғалымдарымыз, өнертанушыларымыз өздерінің ізденістерінде жүзеге асырып келеді. Сондықтан да бұл рухани сұраныстардың бірі ретінде ұлттық сананың кемелденуіне қарай бет түзеген қоғамымыздағы маңызды мәселелердің қатарында деп айта аламыз. Себебі, бейнелеу өнерінің салаларындағыдай натюрморт жанрында да ұлттық идея мен ұлттық нақыштағы нышандар уақыт өте келе кезең-кезеңмен үздіксіз көрініс тауып отырады.

Бүгінгі таңда ізденіс үстінде жүрген суретшілеріміздің шығармаларынан заттар әлеміне деген көзқарастарының ерекше екенін аңғаруға болады. Олар туындыларында шағын нысандар арқылы ұлттық идеяны беруде композициялық шешімдерді жан-жақты ойлап құрастырған. Елімізде соңғы жылдар аралығында заманауи кескіндемедегі натюрморт жанрында жазылған ұлттық тақырыптағы туындыларды қарастырғанда мысалы, бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, дамыту үстінде жүрген жас суретші Зарина Чукетаеваны атауға болады. Бүгінгі таңдағы бұл суретші натюрморт жанрын майлы бояу техникасы арқылы жазып, ұлттық тақырыпты негізге ала отырып кенептерінен ұтымды композицияның көрініс табуымен ерекшеленеді.

Өлі табиғаттан идея іздеуші, ерекше өзіндік қолтаңбасы бар, натюрморт жанрында үздіксіз жұмыс жазатын қылқалам шебері – Зарина Чукетаева. Ол 2012 жылы Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшелігіне қабылданады.

Суретшінің шығармашылық жолында елеулі жетістіктерін атап өтсек: 2008 жылы Чехия мемлекетінің Теплице қаласындағы ТМД елдерінің жас суретшілерінің Халықаралық «Саксон пленэрі – 2008» дипломының иегері болды. Сондай-ақ 2017 жылы 28-қысқы Дүниежүзілік универсиадаға арналған «Спорт әлемді біріктіреді» атты бірінші қысқы республикалық конкурста «Шығармашылық әлеует пен батылдық» номинациясының жеңімпазы атанды.

2012 жылы Ұлыбританияның астанасы Лондонда Равенсборн университетінде жеке вернисаж өткізді. Бұл суретші үшін шығармашылық жолында үлкен жеңістерінің бірі болып есептелінді. Натюрморт жанрынан басқа бейнелеу өнеріндегі пейзаж, тұрмыстық жанрларда да жұмыс жазады.

Оның жұмыстары Англия, Жапония, Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби қаласы, Израиль, Қырғызстан, Қазақстанның жеке кол- лекциясында, Талдықорған қаласындағы «Атамекен» галереясында, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің қорында, ҚРСО қорында, Семей қаласындағы Невзоровтар отбасы көркемөнер мұражайында, Павлодар облыстық көркемөнер мұражайында, Павлодар қаласының Суретшілер одағының қорында сақтаулы тұр.

Қылқалам шебері шынайы өмірдегі заттарды, ежелден келе жатқан қа-

зақ халқының тұрмысындағы шағын нысандарды суреттеуді кенептеріне арқау етеді. Натюрморт жанрындағы еңбектері: «Құмырамен натюрморт» (2014), «Ұлттық натюрморт» (2015), «Бауырсақпен натюрморт» (2018), «Көрпе» (2015) сияқты жұмыстары сөзімізге айқын дәлел бола алады.

Мәселен, З. Чукетаеваның «Құмырамен натюрморт» (2014) атты картинасына тоқталайық. Бұл туындыда композициясының негізгі объектісі – алмалар. Алдыңғы планға гүл мен алмалар орналасқан. Ортаңғы планда қазақ халқының ұлттық нақыштағы кілемдері мен ертоқым бейнеленген. Ертоқым үстінен төгілген алмалар молшылықтың нышанын білдіреді. Артқы пландағы фонда ілінген кілемді жартылай жауып тұрған ақ драпировка жоғарыдан төмен қарай арнайы орналастырылған. Картинаның оң жағында қыштан жасалған құмыра мен жоғарыда ағаштың бұтақтарындағы сары түстес жапырақтар күз мезгілінен хабар береді. Себебі күзде жапырақтар сарғайып, жеміс-жидектердің пісетін уақыты. Заттардың формасын көрсетудегі әдіс түрі – ол түстер үйлесімділігі. Автор заттар әлемінің өзара үйлесімділігін ақ түсті драпировка арқылы байланыстырған. Туындының композициялық шешімін өте қызықты орналастыруы, суретшінің заттар әлеміне деген ерекше көзқарасын білдіреді. Жас суретшінің қозғалыссыз заттарды шынайы әрі шығармашылықпен бейнелеуді бірінші орынға қоятынын көреміз.

Түстер әлеміне келетін болсақ, автор қызыл, жасыл алмаларды ақ түсті драпировкаға орналастыру арқылы алманы негізгі объекті ретінде алдыңғы планға шығарады. Ақ түс тазалықтың нышаны. Картинадағы бояулар жылы түстер қатарына жатады. Бұл дегеніміз автор түстер әлемінің үйлесімділігін сезіне білген. Картинаның сол жағындағы алдыңғы планда бейнеленген бір ғана раушан гүлін алмалармен топтастыруы композицияны құрастыруда автордың жіті дайындалғанын аңғартады. Оған негіз болу себебі, натюрмортта кездесетін әрбір жансыз заттардың табиғи элементтерін жинақтағаны суретші қиялына ерік бергендей. Туындының сол жағында ақ драпировкаға жартылай оратылған тағы бір ұзыннан жатқан зат – қамшының сабы болуы мүмкін. Ол заттың сәнді бейнеленуі тегін емес, ертоқымның суреттелуіне орай қамшы екенін сездіріп тұр.

Кілемнің астындағы ат әбзелдерінің бірі ертоқым бейнеленген.

«XIX ғасырдағы Шығыс Қазақстанда кездесетін сәнді көмкерілген ертоқымға суретші бейнелеген ер тоқым формасы сәйкес келеді. Ер ақ түсті темір, ағаш, былғарыдан тұрады» [2, 190 б.].

Картинаның ортаңғы сол жақ және оң жақ бөлігінен кілемнің жартылай көрінісінде теңіз ою-өрнегі байқалады. Ақ матаны бөліп тұрған кілемде кездесетін бірқатар қазақ халқының ою-өрнектері. Атап айтсақ: тау, суөрнек, теңіз. Картинаның артқы фонындағы кілемде кездесетін қазақтың геометриялық ою-өрнегін шаршы түрін көреміз. Суретшінің фон мен ою-өрнек арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, кілемнің материалын ажыратып, майлы бояумен жазуы үлкен шеберлігін көрсетеді.

«Табиғи ою-өрнек – қазақ ою-өрнек өнерінде ең көп таралған. Онда табиғи құбылыстар мен құрылымдар, мысалы, толқындар, тау, ағаштар кездеседі» [2, 113 б.]. Көптеген заттардың бейнеленуіне орай күрделі натюрмортқа жатқызамыз. Автор картинаның композициясын ойластырумен қатар толық аяқталуымен натюрморт жанрына ерекше ықыласының бар екенін аңғартады.



3. Чукетаева. Құмырамен натюрморт. 2014 ж

Суретшінің натюрморт жанрында 2015 жылы жазған шығармасы «Ұлттық натюрморт». Картинаның форматы төртбұрышты, ал суретші композицияны құрастыруда ракурсты алуда заттардың төбесінен қараған көрінісін бейнелеген. Қазақ халқының ұлттық нақыштағы ыдыс-аяқтары және артқы фондағы матада ою-өрнектер көрініс тапқан. Алма толы қазан, қазанға сүйеп қойған қақпақ және оның айналасындағы кеселер мен ожауды топтастырғанына қарап, бұл ыдыстар халықтық қолөнер туындылары екені көзге шоқтай басылады. Бұлар ағаштан жасалған қымыз немесе шұбат құятын ыдыстар топтамасына жатады.

Композицияны құрастыруда қылқалам шеберінің өзіне ғана тән ерекшелігі байқалады. Жиі кездесетін жапырақтардың элементтері басқа натюрморттарында бар. Заттар әлемінің формасын суреттеп қана қоймай, тіпті артқы фондағы драпировканың көрінісін кескіндеуге басымдық берген. Артқы фонда қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің көптеп кездесуі, тұтас ұлттық нақыштағы туындыға айналдыруға деген талпынысын көріп, жұмыстарына деген қызығушылығымыз артты. Суретшінің бояулармен жұмыс жасауынан әсіресе артқы фондағы кілемдерінен батыл жағыстарының көзтартар іздері көрінеді. Бұдан автордың болуының нәтижесінде қылқаламмен жұмыс істеу тәсілдеріндегі өзіндік стильі айқын байқалады.

Туындыдағы ең негізгі түс – қызыл түс. Қызыл түс – алмаларда және туындының сол жақтағы орналасқан драпировкасында да кездеседі. Алайда екеу ара бөліп тұрған күлгін түстес және ақ түспен боялған ою-өрнектері матада нәзік бейнеленген. Ағаштан жасалынған керсен, кеселер, ожаудың түстері қоңыр түспен боялған бұл тұста автор мейлінше тақырыптың мәнін ашуда шынайылыққа көңіл аударған. Керсеннің жанында және қақпағында бейнеленген қошқар мүйіз оюы іспеттес. Алмалардың ыдыстан төгіле бейнелеуі молшылықтың белгісі. «Ұлттық натюрморт» деп аталатын картинасынан автордың байқампаздығын, әрбір детальға жіті мән беретіндігі көрінеді. Нәтижесінде туындыны аяқталған жұмысқа жатқызамыз.

Өлі табиғаттың әсіресе, жеміс-жидектердің, тұрмыстық қолданыста пайланылатын ыдыс-аяқтардың, қазақтың ою-өрнектері түскен драпировкалардың бәрі суретші Чукетаева Заринаның натюрморттарында нақты әрі шынайы бейнеленген. Қазақ халқының құндылығын бүгінде тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерге де танытып жүрген рухы асқақ кескіндемешінің әлі талай қазақ бейнелеу өнерін көркейтуге үлес қосатынына сеніміміз мол.

Суретшінің натюрморт жанрына деген көзқарасы мен кәсіби шеберлігінде сөз жоқ. Күнделікті өмірде кездесетін қарапайым заттарды картинадан көргенде назар аударып тамсанасың, әсіресе ондағы түстер гаммасы қуанышты көңіл күйді білдіреді. Картинадағы қызыл, қоңыр, сары, жасыл, күлгін, ақшыл түстер үйлесім бере отырып, жылы түстер гаммасын құрайды. Суретші заттар әлеміне деген қызығушылығын әрбір заттың көлемін, фактурасын бояумен бағыл жағыстар арқылы жеткізген.

Автор өз көрерменіне мақсаты қазақ бейнелеу өнерін әлемге танытып, ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын насихаттау екенін ұқтырмақ. Автордың молшылықтың нышанын тереңірек ұғынуға, заттың сұлулығына ғана емес, мазмұнына да көңіл бөлуді басты назарда ұстағанын байқамау мүмкін емес. Натюрмортта алманы бейнелеуі адамның ағзасына келтіретін пайдасын да ескерсе керек.



3. Чукетаева. Ұлттық натюрморт. 2015.

Ең қызығы суретші кенептерінен қазақ халқының тұрмысында қолданылған бұйымдарды алма мен тығыз байланыстыра отырып, неше түрлі жансыз заттарға ерекше мән береді. Суретші натюрморттарында қазақ халқының ұлттық нақыштағы элементтерін үйлестіріп, сонымен қатар оның композициялық құрылымына байланысты тақырыптың мазмұнын да аша білген. Алмалардың көп бейнеленуі автордың Алматы шаһарының тумасы екендігін, оның апорт алмаларына деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Сондықтан туып-өскен жерінің символы апорт алмасын дәріптеуі, суретшінің рухани жаңғыруына себепкер болған алмалар оның кенептерінде ерекше мәнге ие екеніне куә боламыз.

Кескіндемешінің натюрморт жанрындағы туындыларын талдай келе, оның өзіндік қолтаңбасы бар қылқалам шебері екенін байқаймыз. Суретші үнемі алдыңғы планға алмаларды топтасты- румен қатар, артқы фондарға ұлттық нақыштағы заттарды немесе ою-өрнек бейнеленген кілемдерді қолданады. Бұл арқылы идеяларының ұлттық дүниемен үндестігін заманауи кескіндемесінің үлгісі ретінде беруге тырысады. Барлық натюрморт жанрындағы туындыларында суретші қолтаңбасын бірден ажыратуға болады. Түстер үйлесімдігілі суретші үшін тысқары қалған емес. Керісінше түстер гаммасының ашық болуы бірден көз тартады. Жас суретші натюрморттарында көңіл күйді бейнелеу, көрерменіне қуанышты әсер сыйлауды мақсат етеді.

Ойымызды қорытындыласақ, суретші Чукетаева Зарина натюрморттарын әртүрлі ракурстан алу арқылы эксперимент жасаған. Әрбір картинасындағы бояуларынан өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып жүрген кескіндемеші ретінде танылып келеді. Қазақ халқының ою-өрнектерінен, ұлттық нақыштағы бұйымдарынан, алмаларынан топтастырылған натюрморттар жас суретші Заринаға тән екенін бірден байқаймыз. Ал апорт алмасы Алматы шаһарының белгісі ретінде баршаға мәлім. Барлық туындыларындағы ең негізгі әсерлету құралы түстер болып табылады. Мысал келтірілген бірқатар натюрморт жанрындағы көркем туындылары қозғалыссыз заттарға драпировкаларды түрлендіріп орналастырудың нәтижесінде өте сәтті шыққан. Суретші Зарина натюрморт жанрымен үздіксіз жұмыс жасап, қазақ кескіндеме саласының маңыздылығын арттырады деп ойлаймыз.

*Әдебиеттер:*

1. Назарбаев Н. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статьи, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочноаналитические материалы)* // Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 б.
2. Солтанбаева Г. *Мәңгілік өнер: Ою-өрнек тарихы.* – Алматы: Таймас баспа үйі, 2016. – 128 б.

**А. Б. Абдрахманова**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық

Өнер Академиясының оқытушысы

Алматы, Қазақстан

*Ako.kz\_87@mail.ru*

## **КЕСКІНДЕМЕДЕГІ ТАРИХИ ОБРАЗДАР Т. ТІЛЕУЖАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

**Түйіндеме:** Бұл мақалада суретші Т. Тілеужанов шығармашылығындағы тарихи образдар қарастырылған. Талғат Тілеужанов өткен ғасырдың тарихын, бүгінгі кескіндеменің кемеліне келтіріп орындайтын жас суретшілер арасындағы талантты тұлғалардың бірі. Мақалада тарихи жанрдағы туындылары «Отырардағы шайқас» және Аңырақай шайқасына арналған – «Әбілқайыр-хан», «Қарасай батыр», «Шайқас» сияқты шығармаларына талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** салт-дәстүр, хандық, тарихи жанр, кескіндеме, батальдық жанр.

**Аннотация:** В этой статье представлены исторические изображения в работе художника Тлеужанова. Талгат Тлеужанов – один из талантливых людей среди молодых художников, которые исполняют историю прошлого века, сегодняшней картины. В статье проанализировались произведения исторических жанров «Битва за Оtrar» и «Битва при Анрихарке» - «Абулхайр-Хан», «Карасай Батыр», «Битва».

**Ключевые слова:** традиция, ханство, исторический жанр, живопись, батальный жанр.

**Summary:** The article izlogaetsya historical images in the artist T.Tileuzhanova and images in the history of Kazakh Khanate. Talgat Tleuzhanov is one of the talented people among young artists who perform the history of the last century, today's picture. The article analyzed the works of historical genres «Battle for Otrar» and «Battle of Henrikharke» - «Abulkhair -Khan», «Karasai Batir», «Battle».

**Keywords:** tradition, khanate, historical genre, painting, battle genre.

Қазақ тарихының өткені мен бүгінгісін саралап ұрпаққа дәріптеу өлең жырлармен қатар қазақ бейнелеу өнерінен де өзіндік көрінісін тапқан. Жалпы бейнелеу өнері әр түрлі жанрларда, түрлі тақырыптарда бейнеленіп тарихымызды көрсететін ғажайып туындылардың бірі болып табылады. Тамыры тереңге тараған кескіндеме өнері мұраларының өткені мен бүгінгісін анықтап, оны келешек ұрпаққа, ұлт санасына жеткізу арқылы өнерлі азаматтарды тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Осындай бағытпен кескіндеме өнерінде тарихи тұлғалардың образдарын кенеп бетіне түсіріп, насихаттап жүрген жас таланттардың бірі Талғат Тілеужанов. Қазақ бейнелеу өнерінде орны ерекше өзіндік өрнегін қалыптастырып үлгерген суретші Талғат Тілеужанов шығармашылығы өнер сүйер қауымды қызықтырмай қоймасы анық. Өткен ғасырдың тарихын, бүгінгі кескіндеменің кемеліне келтіріп орындайтын жас суретшілер арасындағы ерекше орны қалыптасқан, талантты тұлғалардың бірі.

Суретші «Тарих пен заманауилық» атты көрмесін ұйымдастырып өзінің төл

туындысын жарыққа шығарды. Бұл өнердегі үлкен жетістіктердің бірі десек болады. Т. Тілеужанов Алматы көркемсурет училищесінің түлегі, оның картиналары елімізден басқа шет елдерде, Ресей, Германия, Франция, Норвегия, Жапония, т.б. мемлекеттердің орталық мұражайларына қойылған. АҚШ-тың NEW YORK REALISM Fine Art атты Нью-Йорк Суретшілер одағының ұйымдастыруымен өткен «LYRICAL INSPIRATION» («Лирикалық шабыт») халықаралық Арт-жобасында біздің Талғат Тілеужанов «realism» санатында «Golden eagle» («Алтын қыран») алтын медалін жеңіп алды. Бұл жүлде қазақ суретшісіне «Биік шыңда» атты туындысы үшін табыс етілді. Мұндай жүлде АҚШ-та бірнеше жылдан бері «MFA» арнайы бағдарламасы бойынша қолданбалы өнер саласында еңбегі сіңген азаматтарға тапсырылып келеді екен. 2020 ж. «TURAN» Халықаралық сыйлығының иегері (медаль) болды. Суретшінің шығармалары қазіргі таңда Қазақстанмен қатар Мәскеу, Италия, Корея, Малайзия, АҚШ және әлемнің басқа да елдерінің жеке коллекцияларында бар. Рәсімде әлемге танымал суретшілердің бірі М.Приттиман Нью-Йорк Өнер академиясының төрағасы ретінде қазақ суретшісінің өнеріне жоғары баға беріп, оның суреттері әлі де талай адамдардың қызығушылығын тудыратынын айтты. Бүгінгі таңда осындай талантты суретшіден білім алуға құштар жастар өте көп. Суретшінің шығармашылығы бүгінгі жас ұрпаққа тән сипатымен шеберлігімен ерекшеленетін батальдық, тарихи жанрларға толы. Әр түрлі тақырыптарда картиналарды өзіндік нақышына салып, айқын әрі әсерлі етіп бейнелейтін суретшінің туындылары айқын сипатқа ие. Бұл жанрда жазылған картиналар ата-бабаларымыздың тарихын, хандық кезеңдегі оқиғаларды көрсете отырып, адамның дүниетанымынан мағлұмат беріп, шығармалардың психологиялық, физиологиялық құрылымын да ашады. Өз шығармашылығында суретші көңіл күй иірімдерінің нәзік астарын, күрделі құрылған кеңістікті, түрлі түсті бояулардың сырын аша түсетін форманы дәл қоя білетін шебер кескіндемеші. Оның туындылары нәзік, әсерлі, рухани тұтас болып бейнеленген. Өзінің шығармаларының арқасында «Қазақтың Лувры» атанған жас қылқалам шеберлерінің бірі. Суретшінің әрбір шығармасы тарихи образда болғандықтан хандарымыз бен батырларымызды, жақсылар мен жайсаңдарымызды, ел болып бірігу, халық болып тұтасу жолында қанын да, жанын да аямаған арыстарымызды ұлықтау болды. Қазақ бейнелеу өнеріндегі тарихи тақырыпқа жазылған қандай да бір көркем туындыны алып қарамайық, олардың әрбірінен тәуелсіздік сарынын байқаймыз. Бүгінде қазақстандық өнердегі тарихи көрініс талап етіліп отырған мәселеге айналды. Суретшілер өздерінің туындыларында қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен байланысты кейіпкерлерді бейнелеп, өткен тарихты көркемдеп суреттейді. Ел басына күн туған зауал шақта халқын қырғыннан аман алып қалудың небір озық үлгісін көрсеткен даңқты хан портретінің варианттары дүниеге әкелді. Суретшінің жанын жай таптырмаған хан образы, тарихи образдар жылдармен жылжи келе, кеңейіп, шарықтап, көп тұлғалы, кескіндеменің кемел тілімен, композицияның ұтқыр шешімімен жазылып келеді. Тілеужанов өзінің жұмыстарында бейнелеу өнеріндегі көптеген

жанрларда жұмыс жасайды, ол эпикалық шығармаларының басты назарын қазақ халқының тарихына азаттық жолындағы күреске және ауызбіршілікке арнайтын суретшілердің бірі. Өткен ғасырдағы тарихымыздың қазіргі қоғамдағы маңыздылығын жастарға үлгі өнеге ретінде өзінің шығармаларында көрсетуге тырысады. Ол тарихи тұлғалардың портретін олардың қоғамдағы орны мен көз қарасын, орбаздарын дәл бейнелеп суреттей білген суретші. Осы бағытта қазақ бейнелеу өнеріндегі тарихи жанрға жаңа қабылдау, жаңа көзқарас әкелді. Оның тарихи жанрдағы туындылары «Отырардағы шайқас» және Аңырақай шайқасына арналған – «Әбілқайыр-хан», «Қарасай батыр», «Шайқас» сияқты шығармаларынан көруге болады. Көшпелі қазақ халқының рухани мәдениетін, батырлардың аллегориялық бейнелерін сезіне отырып полотнода көрсеткен. Суретші шығармаларында басты кейіпкер ежелгі тарихтағы батыр бейнесін бүгінгі таңдағы және болашақтағы көз қараспен бейнелеп салыстыра көрсеткен. Осындай тақырыптағы туындылары «Томирис патшайым», «Райымбек I, II», «Қыз-аламан», «Ханзада», «Шың басында», «Мерген», «Қоштасу», сияқты жұмыстарынан тарихтағы ата-бабаларымыздың қолданған заттарын, қару-жарақтарын декоративті бұйымдарды да көрсетіп бүгінгі ұрпаққа жеткізуге ой салатын суретшілердің бірі екенін көруге болады. Аталған тақырыптағы шығармаларындағы бейнеленген кейіпкерлер мінезі нақты бір тірі тұлғамен кездесіп оның жан дүниесін түсінгендей дәл образдарын, көз қарасын анықтап көрсеткен. Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған Ахмет Яссауи кесенесі туралы этюдтар жазады. Алып полотноға ұласқан картинасы тарихымыздағы батыр жауынгер образдарын бейнелеуде классикалық академизмдегі жауыздылық пен қатыгездікті, жұмсақтық пен нақтылықты қарастырған. Суретші көзге көрінбейтін әлемді ғажайыпты тудырушы талант иесі, тарихи тақырыптарды жаны сүйіп бейнелейтін алғыр, шебер кескіндемеші. Суретшінің шығармасы туралы бірнеше атақты суретшілер өз пікірлерін айтты, «Талғат Тілеужанов Қазақстанның дарынды суретшілерінің бірі. Ол жас кезінен көркем шығармалар жасады. Оның шығармасы дарынды, тамаша қазақ бейнелеу өнерінің элитасына кірген жас суретші» деп ҚР мемлекеттік сыйлықтың иегері А.Дузельханов өз пікірін білдірді. Шынымен де суретшінің шығармашылығын екі ұғымды біртұтас ойда қабылдауға болады. Ол академиялық мәнде реализмге айналып романтизммен бірігіп кетеді бірақ импрессионисттің мақамын пайдалана отырып шығармалары туындайтын сияқты ой қалыптасады. Өнерде екі маңызды түсінік бар «әдемілік» және «көркем образ», олар суретшінің туындысында тұтас бүтіндікте түйіседі.

Суретшінің полотнодағы әр қойылған жағыстары өз орнымен сәйкестік тауып бүтін бір формада ой қалыптастырады. Тілеужанов табиғаттағы затты керемет әрі нақтырақ бейнелеп сезіне білетін қасиеті бар суретші. Суретші өзінің туындыларында кеңістіктегі жартылай жарықты сезіне біледі сондықтан оның шынайы бағыттағы жұмыстары көптеген көрерменге өзгеше әсер қалдырып қызықтырады. Қылқалам шебері Т. Тілеужановтың шығармашылығы терең философиялық оймен суарылған және күрделі сезімдік психологиялық күйге



толы болып келеді. Ертедегі көшпелі бабаларымыздың бейнелі теңеулермен астарлап сөйлеген тәрізді полотноға түскен бояулар іштей үйлесіп, әсем үндесіп, бөлекше кескіндік колорит құрайды. «Отырардағы шайқас», «Әбілқайыр-хан», «Қарасай батыр», «Шайқас» сияқты шығармаларындағы образдар әр қилы динамикалық қозғалысқа толы, хан образдары жауына сұстана қараған ой үстіндегі батырлар мен хан бейнелерін кеңістіктегі бояулар арқылы, әр бейнеге өзіндік түс беріп жан дүниесіндегі өшпенділікті, тектілікті, батырықты ұтымды көрсете білген. Осы кісілердің ішінен Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер көш бастап қызыл, көк, сары түстегі шапандарымен ерекшелініп тұр. Одан арғы тұста ауыздығымен алыстырып қазанат мінген, алаш туын көкке тіреген батырлар тұтасып келеді. Картинада кеңістік, кең дала, шайқасқа дайындалып тұрған жауынгерлердің әрбір қаруы, аттардың динамикасы, жауынгерлер киімі нақтылай бейнеленген. Ханның тақымындағы сұлу сәйгүлік, картинаның салтанатты қалпын үдете түсіп, іші пысып, ытырылып келген сұлу бейнедегі динамика, кенепте еркіндікке ұмтылған бабалар ерлігінің іздері сайрап жатыр. Қазақтың жануары сәйгүлік, қолбасшының қызыл, зерлі шапанымен астасып-тұтасып кеткен. Бипаз қолды шеберден шыққан ер-тұрман мен шылбыр-тізгін, үзенгі, өмілдірік біткен әлгі салтанатты күшейте түсіп, иесінің белдігі мен басына киген қалпағы, құндызбен жиектелген қызыл шапаны, бет әлпеті хан образын аша түскендей. Бұл да болса суретшінің қазақ халқының этнографиясын, ғасыр мөлшеріндегі қандай құрал-жабдықпен тұтынғанын дәл білетін сұңғылалығынан хабар береді деп ойлаймын.

